# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

01.02.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№04 (8118)



SAIASAT
ТАЛАПТЫҚТАРДЫҢ ТІРЛІГІ – ТИЯНАҚТЫ
2-бет

RESMI
ЗЕЙНЕТАҚЫ мен ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ ӨСУІ ЖӨНІНДЕ
3-бет

ZERDE
«ЖЕЗҚАЗҒАН МАРШЫ» ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?
5-бет

QOĞAM
ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ
6-бет


БҰРЫНҒЫ БАСШЫЛАР БЕЙНЕСІ

## *Мұхамбет* КӨПЕЕВ: ЕЛ ЖАҚТАН ЖИІ ЕСТІЛГЕЙ ЖАҚСЫ ХАБАР



**Редакциядан: Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай газетімізде «Бұрынғы басшылар бейнесі» атты жаңа айдар ашып отырмыз. Бұл айдар аясында қалаға әр жылдары басшылық еткен басшылар туралы естелік мақалалар немесе сұхбаттар жарияланатын болады.**
**Айдардың алғашқы қонағы – 1990-1991 жылдары Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, қалалық Кеңес төрағасы қызметтерін атқарған, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамбет Жұманазарұлы КӨПЕЕВ.**

***– Мұха, биыл Жезқазғанның қала атанғанына – 65 жыл. Өткенді еске түсіріп, тарихты түгедей отырсақ мерейтойдың мән-маңызы арта түседі деген ойдамын. Өйткені, бүгінгілер күні кешегі орын алған оқиғалардан, атқарылған шаруалардан бейхабар. Сондықтан, қаланың мерейтойын пайдаланып, өзіңізбен сұхбаттасуды, сөйтіп, алпыс бес жылдық жолдың кейбір сәттерін еске түсіруді ұйғардық. Сіз Қаражал қалалық атқару комитетінің төрағасы болып жүрген жеріңізден Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келдіңіз ғой...***

– Жоқ. Сөзінде сәл жаңсақтық бар. Мен Қаражалдан Жезқазған облыстық партия комитетінің әлеуметтік-экономикалық даму бөлімінің меңгерушісі болып келдім, бірақ, арада бір жыл өтер-өтпесте сол кездегі облыс басшысы Евгений Георгиевич Ежиков-Бабаханов менің кандидатурамды Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынды.

►►*4-бетте*

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# БАСЫМ БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Қалалық мәслихат депутаттары Хансейіт Бөлен мен Бақытжан Көпбаев бастаған ақпараттық-насихаттау тобы мыс қорыту зауытының жұмысшыларымен жолығып, Елбасы Жолдауында жүктелген міндеттерді талқыға салды. Сонымен қатар, 2019 жылды Жастар жылы деп жариялаудың мәнісін ашуға тырысты.**





Алғашқы болып сөз алған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Игенұлы Жезқазған қаласы, жалпы еліміз бойынша жастар саясатына жіті назар аударылатынын тілге тиек етті.

– Қоғамның қозғаушы күші – жастар десек, олардың жағдайын қолға алмай, жарқын болашақты болжау өте қиын. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастар арасындағы жұмыссыздық, баспана мәселесі, жас отбасылардың жағдайы және тағы басқа да өзекті проблемалардың әлі де шешілмей келе жатқанын ескеріп, биылғы жылды жастарға арнауды тапсырды. Бұл дегеніміз – жастардың әлеуметтік, азаматтық-құқықтық, патриоттық, инновациялық және шығармашылық әлеуеттерін дамыту екі еселенген қарқынмен жүзеге асуы. Бүгінде Қазақстанда қабылданған «Жастар тәжірибесі», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Жастар кадрлық резерві», «Жастар – Отанға», «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнес жол картасы – 2020», «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» сынды мемлекеттік бағдарламалардың ел болашағына бергені мол. Әлі де тигізер шарапаты бар, – деген жастар ресурстық орталығының директоры жұмыссыз жастардың қатарын азайту мақсатында кәсіпкерлікті ашуға грант пен төмен пайыздық несие берілетінін, сондай-ақ, мамандық бойынша жұмысқа орналасуға жол ашатын тегін қайта оқыту курстары барын жеткізді. Осы мәселелер бойынша қала жастарына құқықтық көмек беретін орталықтың ашылғанын да алға тартты.

Ал, Хансейіт Бөлен жиналғандардың назарын Елбасы Жолдауы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында қамтылған бағыттардың маңыздылығына аудартты.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы саналатын мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Президент бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе, жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігін жазды. Даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар, – деген мәслихат депутаты қазақ халқы мен даласының тарихы әлі де терең зерттеуді қажет ететінін айтып, еліміздің дамуына кедергі келтіретін қоғамда жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықты жеңуде қазақстандықтар біркісідей атсалысуы керектігіне тоқталып өтті.

Кездесу соңында зауыт қызметкері Қайырбек Мархабатов Президент Жолдауының басым бағыттарын халық арасында насихаттауды мақсат еткен ақпараттық топқа ризашылығын білдіріп, Жезқазған қаласында жаңа тұрғын үйлер көптеп салынса, жастардың туған жерде тұрақтауына ықпал етер еді деген пікірін білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЖАЛАҢ ҰРАН ЕМЕС, ЖАРҚЫН ІСТЕРГЕ БАСТАЙТЫН ЖЫЛ

**Жастар жылы ресми түрде бастау алды. Астанада Елбасының қатысуымен өткен жиын биыл жастарды қолдау шараларының қаншалықты ауқымды екенін айшықтап берді.**

Мені қуантқаны – жастар жылына орай көтерілген бастамалардың жалаң ұран, бос мақтан емес, нақтылығымен ерекшеленгендігі. Жасыратыны жоқ, былтырғы Жолдауда жастар жылы туралы айтылысымен ел арасында «Бұл жыл да көп науқанның бірі болып қалар», «Флеш моб жылы болады десеңші» дегендей үміттен гөрі күдігі басым пікірлерді көп естідік. «Бұл қалай болар екен?» деп өзіміздің де алаңдағанымыз да рас. Соның барлығына кешегі жиында анық жауап алдық. Елбасы өзі жастар үшін маңызды нақты ұсыныстар айтты. Енді соны жүзеге асырудың тиімді тетіктерін қарастырып, іске кірісуіміз керек.

Мәселен, баспана мәселесі – еліміздің қай өңірінде болсын өзекті. Табысы аз жас мамандар, жаңа шаңырақ көтерген жастар үшін бұл тіпті қиын мәселе. Елбасы: «Ірі қалаларда жас отбасылардың баспана мәселесінің өзектілігін ескере отырып, Үкімет Астана, Алматы мен Шымкент қалаларынан бастап жыл сайын жастарға арналған мың пәтерден салуы керек» деді. Әр қалада тек жастар үшін мың пәтерден салынса, біраз мәселенің беті бері қарар еді. Қазір жастардың талпынысы, еңбекке деген құлшынысы, оқу-білімге деген ізденісі жоғары. Ешкім аяқты көтеріп қойып, құр жатқан жоқ. Енді сол жастарға осындай нақты қолдау жасалса, олардың өз мүмкіндіктерін барынша ашуына ықпал болар еді.

Сондай-ақ, «Жас кәсіпкер» бағдарламасының қабылдануы жастар арасында іскерлік белсенділікті арттыруға түрткі болары анық. Бұған «Атамекен» палатасы сияқты іргелі құрылымдар қол ұшын созса тіпті тамаша. Елбасы «Дипломмен ауылға» бағдарламасына енген мамандықтар тізімін кеңейтуді ұсынды. Бұл тек жастар үшін ғана маңызды емес, кадр тапшылығын көріп отырған аймақтарға да зор көмек болады.

Бұл игі бастамаларды 100/200 қағидасына негізделген «Жас маман» бағдарламасы толықтырмақ. Елдегі озық 200 оқу орнында нарықта сұранысқа ие 100 мамандық бойынша арнайы оқыту жүйесі іске қосылады. Бұл білім беру саласына да тың серпін берері анық. Қазақстанның әр аймағында бір-бір іргелі жоғары оқу орнын жасақтап, олардың айналасына технологиялық колледждерді топтастыру – заманға сай, нарық талаптарына толық жауап беретін бастама.

Салтанатты жиында сонымен бірге әдебиетті, мәдениетті, азаматтық секторды қолдау, жас дарындарды ынталандыру жөнінде маңызды ұсыныстар айтылды. Жастар да өз ойларын ортаға салып, ресми шараға тың серпін сыйлағандай болды. Қорыта айтқанда, жастар жылының жоспары – жасампаздықтың айқын үлгісі дей аламыз. Ондағы іс-шараларды толық әрі жоғары деңгейде жүзеге асыруға мемлекеттің қауқары мен жастардың ерік-жігері толық мүмкіндік береді.

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

АНАЛАР КЕҢЕСІ

# ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ – ОТБАСЫНДА

**Соңғы бір аптаның ішінде ғаламтор желісіне тараған жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық қоғамда қызу талқыға түсті. Бала тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын насихаттауды мақсат еткен Жезқазған қалалық аналар кеңесі осы мәселеге қатысты алаңдаушылық білдіріп, «Отбасындағы қарым-қатынас: ата-ана мен бала» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Тағлымы мол, ой салар кездесуге аналар кеңесінің мүшелері мен жас ата-аналар қатысты.**



Дөңгелек үстел басында бас қосқандар бала тәрбиесі мен отбасындағы қарым-қатынас жайында өз пікірлерін ортаға салды. Сөз алған ақ жаулықты әже немесе ана болсын қазіргі таңда көпшілік отбасыларда бала тәрбиесіне жете көңіл бөлінбейтінін алға тартып, қынжылды.

– Күнкөрістің қамы деп қазір отбасында келіншектер де, отағасы да жұмыс істейді. Жұмыстан сүріне жеткен ата-ана баласына қажетті көңіл бөлмейді. Оқуын жақсы оқып, бес пен төрттік баға әкелсе болғаны. Баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, онымен санасып жатуға уақыттары да, мұршалары да жоқ. Уақыт жоқ деу сылтау меңінше. Қайта қазір техниканың дамыған заманында бар шаруаны бір тетікті басу арқылы тыңдырамыз. Уақытында біз де қызмет жасадық.

►►*6-бетте*

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

## *ҚАЛА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІНІҢ КЕСТЕСІ*

***Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың 6 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді***

| № | Қаланың, селоның атауы | Әкімнің аты, жөні, тегі | Өткізілетін күні мен уақыты | Кездесу өтетін орны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Жезқазған қаласы | Қайрат Баяндыұлы Бегімов – қала әкімі | 6.02.2019 ж. | С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Сәтбаев көшесі, 1, сағ.15:00 |

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылады:

**1. Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені, телефон: 73-67-42.**

**2. Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені, телефон: 72-38-00, 72-13-67, 72-14-39**

**3. 9-орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені, телефон: 76-85-03.**

**4. 91-шағын ауданы, Марғұлан көшесі, 29а, «Самади» дүкені, телефон: 78-17-90.**

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат *09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін)* **«Жедел желі»** жұмыс істейді. **Талаптілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.**

**Жезқазған қаласы әкімінің аппараты**

ТАҒАЙЫНДАУ

# «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНДЕ – ЖАҢА БАСШЫ



**Өткен аптада Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің редакциясына жаңа бас редакторды таныстырды.**

«Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы» ЖШС директоры-бас редактор болып Қамбар Жұмағалиұлы Ахметов тағайындалды.

Қ.Ж. Ахметов 1978 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдаған ол еңбек жолын 2004 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде тілші болып бастаған.

Әр жылдары аймақтық «Балқантау», республикалық «Айқын» газеттерінде, «Baq.kz» ақпараттық агенттігінің, «Қазақстан» республикалық теле-радиокомпаниясының интернет жобалар бөлімінің бас редакторы болды.

2016 - 2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрінің кеңесшісі, 2018 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторының орынбасары қызметтерін атқарған.

Облыс әкімі 20 жылдан астам уақыт осы газеттің бас редакторы болып еңбек еткен Мағауия Сламбекұлы Сембайға шынайы алғысын білдіріп, Құрмет грамотасын табыстады.

**Өз тілшіміз**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## БЕРІК ӘБДІҒАЛИҰЛЫ – «АРХИВ-2025» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Ұлттық архив және Сирек кітаптар мен қолжазбалар орталығы жанынан «Архив-2025» ғылыми-әдістемелік орталығын құрды. Оның басшысы болып Мәдениет және спорт министрінің штаттан тыс кеңесшісі Берік Әбдіғалиұлы тағайындалды.**



Орталықтың мақсаты – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған «Архив-2025» бағдарламасын іске асыру бойынша үйлестіру және әдістемелік жұмыстарын жүргізу, мемлекеттік органдармен, архивтермен, университеттермен, институттармен, ғылыми қауымдастықпен бірге ұлттық тарихты тереңінен тұтас қарауға мүмкіндік беретін отандық және халықаралық архивтердің құжаттары негізінде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Міндеттері – еліміздің архивтері мен ғалымдардың шетелден әкелген архив құжаттарын инвентаризациялау; қайтарылған архивтік құжаттардың бірыңғай базасын құру; «Архив-2025» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру бойынша шетел архивтерімен өзара ынтымақтастық механизмін құру, ведомствоаралық үйлестіру және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдармен және ғылыми қауымдастықпен бірлесіп жұмыс жүргізу.

Сонымен қатар Орталық отандық және шетелдік ірі архивтермен жүйелі және ұзақ мерзімді өзара ынтымақтастық бойынша тарихшылардың, ғалымдардың, архивистердің арнайы топтарының іздестіру-зерттеу жұмыстарына әдістемелік қолдау көрсетеді.

Жалпы «Архив-2025» бағдарламасы аясында архив материалдарын анықтау, жинау, жүйелеу, жариялау; қайтарылған архивтік құжаттарды цифрлық форматқа айналдыру; іздеу және зерттеу жұмыстарының материалдары негізінде кітаптар, анықтамалықтар, жинақтар, каталогтар шығару жұмыстары жоспарланған.

«Архив-2025» шеңберінде жобалық жұмыстар, ғылыми зерттеулер университеттермен, зерттеу орталықтарымен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, ведомствоаралық және халықаралық ынтымақтастық бойынша кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

## ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН АСТАНАДА КОНЦЕРТ БЕРЕДІ

**Димаш Құдайберген Жастар жылы аясында Астанада концерт береді.**




Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында «Қазақстан» РТРК АҚ төрағасы Ерлан Қарин алдағы концерт туралы толығырақ айтып берді.

– Біз сіздермен үлкен маңызды жаңалықты бөлісkіміз келеді. Біз өз тарапымыздан талантты жастарды қолдауға дайынбыз. Оның үстіне өздеріңіз білетіндей, биылғы жыл Жастар жылы деп жарияланған болатын. Димаш – еліміздің, халқымыздың біртуар азаматы, қазақтың өнері арқылы еліміздің атын бүкіл әлемге танытып жүрген талантты тұлға. Бұның алдында Димаш Ұлттық арнадағы жаңа жылдық шоуға қатысқан болатын. Ал, бүгінгі айтылып жатқан жоба бойынша біз Димашпен бірнеше рет кездесіп, ақылдасқан болатынбыз, – деді Ерлан Қарин.

Оның айтуынша, «Қазақстан» телерадиокорпорациясы «Арнау» концертінің бүкіл ұйымдастыру, түсірілім жұмыстарын қолға алып, қолдау көрсетеді.

– «Арнау» атты шығармашылық концертін Димаш Астана күніне орайластырмақ. Ауқымды музыкалық шоу қазақстандықтар мен мыңдаған өнерсүйер қауымды Астана төрінде жинайтын болады, – деді Ерлан Қарин.

Концерт 4-5 бөлімнен тұрады деп жоспарланып отыр. Бағдарлама қазақтың халық әндері, қазақстандық және шетелдік композиторлардың шығармаларымен қатар заманауи әрлеумен орындалған Димаштың авторлық туындылары ұсынылатын болады. Сондай-ақ, концертте қазақ, ағылшын, француз, ханзу, орыс, итальян тілдерінде әндер шырқалады.

– Біз осы уақыттың ішінде осы жобаның негізгі құрылымы, мазмұны жайлы пікір алмасып, концепциясын түзедік. Қазір нақты ұйымдастыру жұмысы басталды, – деді Ерлан Қарин.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР АТЫ мен ТЕГІН ОНЛАЙН ТҮРДЕ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ mGov қосымшасы арқылы «Электрондық үкімет» порталына қосымша 12 қызметті іске қосты.**




Таратылған мәліметке сәйкес, аталған мобильді қосымшаның көмегімен азаматтар наркологиялық, психоневрологиялық және туберкулезге қарсы диспансерлерден анықтамаларды ала алады. Сонымен қатар некеге тұру туралы қайталама куәлікке, әке екендігін анықтау туралы қайталама куәлікке, атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке, некені бұзу туралы қайталама куәліктерге өтініш беруге мүмкіншілік бар.

Мұнан бөлек, Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу, жүргізуші куәлігін алу, электрондық еңбек биржасы, мекенжай бойынша тіркелген адамдар туралы мекенжай анықтамасын беру mGov қосымшасы арқылы қолжетімді. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру де аталған қосымша арқылы жүзеге асырылады.

– Жоғарыда көрсетілген қызметтерді ЭЦҚ-мен (электрондық цифрлық қолтаңба) қол қою арқылы немесе бір реттік SMS-пароль арқылы (ол үшін Мобильдік азаматтар базасында міндетті түрде тіркелу қажет) алуға болады. «Электрондық үкімет» мобильдік қосымшасын пайдаланып жүрген азаматтарға жоғарыда көрсетілген қызметтерді алу үшін mGov жаңарту жеткілікті, – делінген хабарламада.

Айта кетейік, бүгінгі күні eGov.kz порталының мобильдік қосымшасы арқылы 62 мемлекеттік қызмет пен сервис қолжетімді.

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

## ТАЛАПТЫҚТАРДЫҢ ТІРЛІГІ – ТИЯНАҚТЫ

**Талап селосының әкімі Ғабид Битенов 2018 жылдың қорытындысы бойынша тұрғындар алдында есеп берді. Есеп беру кездесуіне Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов пен қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев, сондай-ақ әкім орынбасарлары мен облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Алтынбеков, мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.**



Талап селосының тұр-ғындары қашаннан ынтымақ-бірлігімен танылған. Сондықтан болар қаладан қашық орналасса да Талаптың тұрмыс-тіршілігі көп ауылдан көш ілгері. Бау-бақшалық пен мал шаруашылығын кәсіп еткен «талаптықтардың» күн көріс деңгейі де жылдан жылға жақсарып, әл-ауқаттары артуда. Ауыл балалары үшін 25 орынға шақталған шағын орталық пен мектеп жұмыс жасап тұр. Биыл күрделі жөндеуден өткен мәдениет ошағы да халық игілігіне берілді. Халық денсаулығын бақылап, сақтауда акушерлік-фельдшерлік пункт медбибісінің еңбегі зор. Жұмыссыздар санын азайту жолында да бірқатар жұмыстар атқарылған. Мысалы, 2018 жылда қаржылай қолдау қорынан 3 тұрғын төмен пайыздық несие алып, ата кәсіпке бет бұрған. Талап селосы тұрғындары үшін өткен жыл берекелі болды десек артық емес. Өйткені, Жезқазған-Талап арасындағы 18 шақырымдық ауыз су құбыры ауыстырылып, ауыл абаттандырылып, ажарлана түсті.

– Ауыз су Талап тұрғындары үшін ең өзекті мәселе болатын. Бұған дейін тозығы жеткен құбырлар қайта-қайта жарылып, сусыз қалатынбыз. Шүкір, екі жылда жаңартылады деп жоспарланған ауыз су құбырының жөндеуін 2018 жылдың мамыр айында бастап қарашада аяқтап бердіңіздер. Ауыл тұрғындары атынан осы іске атсалысқан барлық ел ағаларына ризашылығымызды білдіреміз, – деп ағынан жарылған ауыл ақсақалы Төлеубай Асанғазин әкім жұ-мысына оң бағасын берді. Ал, Бақытжан Төлеуов ауылдан ашылған намазхана үшін алғысын айтты.

2018 жылы №14 Талап мектебінде де ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оқушылар мен ауыл тұрғындары дән риза. Атап айтқанда, қалалық бюджет есебінен 3 млн 360 мың теңгеге білім ордасының қоршауы жаңартылды. Сонымен қатар, терезелер ауыстырылып, спорт зал күрделі жөндеуден өтті, 7,5 млн теңгеге мектеп ауласына көп салалы корт орнатылды. Корт құрылысын жүргізген мердігер «Стинг ТФК» ЖШС директоры М.Жахметов ауыл тұрғындарына заманауи үлгідегі жаттықтыру алаңын (Стрит воркаут) тарту етіп, спортты таңдаған жастардың қуанышын еселей түсті. Биыл 32 млн теңгеге мектеп ғимаратының шатыры толықтай жаңартылатын болады. Талаптағы балалардың білім алуына жасалып жатқан жағдайларды тілге тиек еткен ұстаз Айжамал Айтуарова Ғабид Елтіндіұлының жұмысына сәттіліп тілеп, мектеп оркестріне домбыра тарту еткен облыстық мәслихаттың депутаты Бекзат Қомарұлына алғысын жаудырды.

Өткен жылы атқарылған жұмыстардың есебінен кейін Талап селосының әкімі Ғабид Битенов болашаққа бағдарлаған жоспарларымен бөлісті. Әкімнің айтуынша, биыл 25 млн теңгеге ауылға кіреберіс жолдың бөлігі жөнделіп, ауылдың бас жоспары жасалмақ. Егістік жерлерді игеруге мүмкіндік беретін су құбырын қалпына келтіруге қажетті жобалық-сметалық құжаттар әзірлене бастайды. Елбасының 5 әлеуметтік бастамасында қаузалған газдандыру мәселесі Талапты да айналып өтпейтінін естіген жұртшылықты 2019 жылы ауылды газдандыруға байланысты сметалық құжаттар жобасы дайындалады деген жаңалықты қуана қарсы алды.

Есептік кездесуге кел-гендердің назарына домбыра үйірмесінің тәрбиеленушілері аудартты. Олар «Балбырауын», «Кеңес», «Адай» күйлерін орындап, жиналғандардың құлақ құрышын қандырды. 2018 жылы №14 мектептің негізі қаланғанына 40 жыл толуына орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектеп мұражайы ашылған болатын. Мұнда Талап селосының Ұлы Отан соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің құжаттары, қазақ халқының тұрмысынан сыр шертетін ыдыс-аяқтар мен ер-тұрмандар қойылған. Мұражайдан Талап селосы жайында мол мағлұмат алған қала басшысы бастаған топ мектеп оқушыларының қолөнер туындыларын паш еткен көрмені тамашалады. Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арнап мектептің ұстаздары Рақым Қуатов пен Баян Шатыбасова әзірлеген электронды кітап та көпшілікті таңырқатты. Аталған кітаптағы штрих-кодтар арқылы әп-сәтте ғаламтордан мысты өлкенің тарихы мен қаланың дамуына үлес қосқан тұлғалар жайында ақпарат алуға болады.

– Ауылдың амандығы – елдің амандығы, – деп Елбасы атап айтқандай біз елді-мекендердің дамуына барымызды саламыз. Өйткені, ауылды өркендету арқылы еліміз өзінің ұлттық экономикасы мен мәдениетін жаңғыртады. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында да ауылдың көсегесін көгертуге бағытталған бірқатар тапсырмаларды жүктегені белгілі. Жолдауда ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуды қолдау, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету, ауылдың әлеуметтік ортасын жаңғырту мен «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру міндеттері қойылып, ауылдағы ағайынды сумен қамтуға 100 миллиард теңгеге дейін қаражат бөлінетіні қамтылды. Көріп тұрғандарыңыздай ауылдардың дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында, – деп сөзін жалғаған Қайрат Баяндыұлы село әкімінің алдағы жұмысы жемісті болуын тіледі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## ЖАНАШЫРЛЫҚ пен ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТОҒЫСҚАН

**Сәрсенбі күні Малшыбай ауылдық округының әкімі Қайрат Бапанов ауыл тұрғындарымен есептік кездесу өткізді. Ауыл басшысының есептік кездесуіне Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов, әкім орынбасарлары, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев пен Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков, мекеме, кәсіпорын басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.**



Ауыл әкімі Қайрат Бапановтың баяндамасында есептік кезең ішінде ауылдағы оң өзгерістер, өткен жылға жоспарланған жұмыстардың уақытында атқарылғаны айтылды.

– Ауылда жұмыспен қамту, бизнесті және шаруа қожалықтарын қаржылай қолдау жүйелі жолға қойылды. Малшыбай селосында 7 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп, оның ішінде 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Селода жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында 11 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде: 9 шаруа қожалығы ірі-қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алды, 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 40 млн теңге, 1 шаруа қожалығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы арқылы 4 млн. теңге алды. Сонымен бірге, 2018 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша Малшыбай селосына 1 ағылшын тілі мұғалімі және 1 психолог маманы келіп, мектепте жұмыс істеп жатқанын атап өткім келеді, – деді Қайрат Мұратбекұлы.

Жалпы Жезқазған қаласынан 91 шақырым қашықтықта орналасқан Малшыбай ауылдық округында барлығы 90 отбасында 414 адам тұрып жатыр. 2018 жылы селоның заңды және жеке тұлғаларынан 18 142 290 теңге салық төленді, оның ішінде заңды тұлғалардан мүлік салығына 17 757 260 теңге, көлік салығына 6 807 теңге, жер телімін пайдалануға 132 719 теңге, бірыңғай жер салығына 219 487 теңге, жеке тұлғалардан жер салығына 15 057 теңге, мүлік салығына 10 960 теңге төленген.

Сондай-ақ, ауылда «Қазақтелеком» байланыс желілері, Beeline байланыс операторының желісі тұрақты жұмыс істейді. Ауыл әкімдігі мен мектеп интернетке қосылған.

Ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарының «электронды үкімет» жүйесі арқылы қалаға бармай-ақ, село басында қызмет алуына жағдай жасалған.

– 2018 жылы істен шыққан 25 кВт трансформатор 100 кВт трансформаторға жергілікті бюджет арқылы 598 мың теңгеге ауыстырылды. Малшыбай селосының бас жоспарын жасауға «Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ арқылы 2018 жылы бас жоспар жасауға жергілікті бюджеттен 100 мың теңге бөлінді, қалған 18 млн. 900 мың теңге 2019 жылға жоспарлануда.

Бас жоспар көше және үй атауларын ретке келтіру, газ құбырларын кедергісіз жүргізуге, жер телімдерін жеке үй шаруашылығына, бизнесті дамытуға жеке және заңды тұлғаларға беруге ықпал етеді. Биыл селоның 5 көшесіне Ұлытау, Сарыарқа, Алаш, Достық, Сарыжайлау атаулары беріледі, – дейді Қ. Бапанов.

Әкімнің есептік баяндамасында биылғы жылға жоспарланған шаруалар да көрініс тапты.

– 2019 жылға 21 бағана орнатуға 9 млн 303 мың теңгеге сметалық құжаттар жасатылып, Малшыбай селосы көшелерін жарықтандыруға мүмкіндік туады. Облыстық автомобильдер жолдар басқармасы арқылы 2019 жылы «Сәтбаев-Малшыбай» тас жолының 37-50 шақырымына күрделі жөндеу жасау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, футбол алаңы мен хоккей кортын орнатуға қалалық білім бөлімі арқылы жеткілікті қаражат бөлінді. Ауылдың мәдениет үйі де биыл күрделі жөндеуден өтпекші. Малшыбай селосы тұрғындарының, зейнеткерлер мен жастардың демалысын жақсарту үшін саябақтың сметалық құжаттары дайындалды. Парктің құрылысы «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі арқылы 2019 жылға жоспарланған, – дейді ауыл әкімі.

Әкімнің есептік баяндамасынан соң ауыл тұрғындарына кезек берілді. Тұрғындардың дені ауылдағы атқарылып жатқан жұмысқа, ауыл әкімінің лауазымдық міндеттерін атқаруына көңілдері толатынын жеткізді. Мектепте жылудан, жарықтан қиындық жоқ. Шағын орталық жұмыс істеп тұр. Жылдан-жылға ауыл іші де көркейіп келеді. Есептік кездесуге арнайы келген қала әкімі, қала әкімдігіндегі мемлекеттік мекеме басшыларына өтініш айтқандар да болды.

Ауыл тұрғыны Раиса Жәнібекова балалары мал ұстап, шаруашылығын кеңейткілері келеді. Алайда, бұған дейін жер алу мүмкіндігі болмаған. Қазір 40 сиыры барын айтқан ол ұзақ мерзімге жер телімін алса, түрлі бағдарламаларға қатысып, субсидияға қол жеткізу мүмкіндігі туатынын айтады. Сондай-ақ, тиісті орындар жер пайдалану құқығын беру туралы аукционды жаздың соңында емес, ерте көктемде өткізсе, шаруалар үшін қолайлы болар еді деген де тілегін жеткізді.

Қала әкімі Қайрат Баяндыұлы бұл мәселеде қиындық жоқтығын, жер телімдері қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жобалық-детальды жоспарлау құжаттары негізінде берілетінін, ол құжатты дайындау бүгінде Кеңгір ауылдық округы бойынша аяқталғанын, биыл Талап пен Малшыбай ауылдарына жасалып, бос жерлер шаруа қожалықтарына ұсынылатынын жеткізді. Сондай-ақ, биыл ауылшаруашылығы мақсатындағы жер пайдалану құқығын беру жөніндегі аукцион сәуір айында өтетінінен хабардар етті.

Ауыл тұрғыны Асқар Мұханбетжанов болса, ауылда ара-тұра мал ұрлығы болып тұратынын, ізі суымай ұрылар анықталса да полиция тарапынан тергеу шаралары созылып кететінін, ал күдіктілер емін-еркін ауылда жүргеніне шағымданды. 2017 жылы өзінің 46 бас ұсақ малы ұрланып, оны жиырмасы Кеңгір ауылынан табылғанын, ұрлағандар анықталса да іс бір тоқтатылып, қайта қозғалып, ұзаққа созылып кеткенін айтады. Қала басшысы бұл мәселені өз бақылауына алатынын айтып, сол жерде полиция басқармасының басшылығына тиісті тапсырма берді.

Кездесу жиынының соңында Рафа Сағындықова бастаған ауылдың бір топ тұрғыны қала басшысына, ауыл әкіміне атқарылып жатқан оң істер мен көрсетіліп жатқан қомақты қолдау үшін алғыстарын білдірді. Жаңашыл бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тапса деген тілектерін жеткізді.

**Өз тілшіміз**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

## НИЕТ БОЛСА, ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

**Жезқазғандағы «Шаруа» базарының бірінші қабатында жұмыспен қамту орталығының қызмет көрсету бекеті ашылды. Енді бұл бекет қала тұрғындары үшін тұрақты қызмет атқаратын болады.**




Мемлекет басшысы Н. Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жұмыссыздардың санын азайтып, жұмыс орындарын көбейтуді тапсырады. Жылда еліміз бойынша жоғарғы оқу орындарын мыңдаған жас бітіреді. Бірі талай есіктің табалдырығын тоздырса да, екі қолға бір күрек таппайды, бірі төрт жыл бойы оқып алған дипломын сандыққа салып, басқа қызметке тұруға мәжбүр болатыны жасырын емес. Ойландыратыны бұндай жағдай үрдіске айналып барады.

Жұмыспен қамту орталығының бекет ашудағы негізгі мақсаты – жастарды жұмысқа тарту. Жалындап тұрған шағында құр босқа сандалып жүргені жарамайды.

Бекеттің ашылуына қала әкімі Қайрат Бегімов арнайы қатысты. Жұмыспен қамту орталығының басшысы Абай Әзімбаев бекеттің жұмысымен таныстырды. Айта кету керек, бекет сенбі, жексенбі күндері де жұмыс жасайтын болады. Бекетте қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, 29 жасқа дейінгі адамдарға несие беру, қоғамдық жұмыстарға жіберу, микрокредиттер алуға жәрдемдесу бойынша кеңес береді.

Қала тұрғындары орталыққа көбіне несиелеу мәселесі бойынша келеді екен. Яғни, бұл кәсіп ашып, өз ісін дөңгелеткісі келетіндердің саны артқандығын көрсетеді. Сондай қала тұрғындарының бірі – Ернар Хасенов. Ол 2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша 18 млн теңге көлемінде несие алған. Сол алған қаражатқа 6 ықшамауданда «Мирас» және 9-орамда орналасқан «Алақай балақай» балабақшаларын ашқан. Қазіргі таңда білім ошақтарында жалпы саны 70-тен астам бала тәрбиеленуде. Осылайша кәсіпкер өзін ғана емес, сонымен қатар, 30-ға жуық жас маманды да жұмыспен қамтып отыр.

Бекет жұмысына сәттілік тілеген қала басшысы ұжым жұмыссыздар саны азайып, тұрғындар әл-ауқатының өсуіне үлес қосатынына сенім білдірді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# ЗЕЙНЕТАҚЫ мен ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ ӨСУІ ЖӨНІНДЕ

**2019 жылдың 1 қаңтарына дейін тағайындалған, зейнетақы және еңбек сіңірген жылдарына қарай берілетін төлемдердің көлемі 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 7%-ға жоғарылады.**

2019 жылға келесі көрсеткіштер белгіленді:

Ең төменгі еңбекақы мөлшері – 42 500 теңге.

Ең төмегі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 16 037 теңге

Ең төменгі зейнетақы мөлшері - 36 108 теңге

Айлық есептік көрсеткіш – 2 525 теңге

Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 29 698 теңге.

2019 жылы зейнеткерлікке шығатын азаматтар үшін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ескерілетін кірістің жоғарғы мөлшері 46 АЕК құрайды. 2018 жылы зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ескерілетін шектелген кіріс 110 630 теңгені құраса, 2019 жылы 116 150 теңгені құрайды (46 *2525 АЕК).

Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне және ең төменгі күнкөріс деңгейіне (ТК) қарай анықталады:

| Қатысу өтілі | ТК пайызы | 01.01.2019 ж.төлем мөлшері |
|---|---|---|
| 10 және одан көп жыл | 54% | 16 037 |
| 11 | 56% | 16 631 |
| 12 | 58% | 17 225 |
| 13 | 60% | 17 819 |
| 14 | 62% | 18 413 |
| 15 | 64% | 19 007 |
| 16 | 66% | 19 601 |
| 17 | 68% | 20 195 |
| 18 | 70% | 20 789 |
| 19 | 72% | 21 383 |
| 20 | 74% | 21 977 |
| 21 | 76% | 22 571 |
| 22 | 78% | 23 165 |
| 23 | 80% | 23 759 |
| 24 | 82% | 24 353 |
| 25 | 84% | 24 947 |
| 26 | 86% | 25 541 |
| 27 | 88% | 26 135 |
| 28 | 90% | 26 729 |
| 29 | 92% | 27 323 |
| 30 | 94% | 27 917 |
| 31 | 96% | 28 511 |
| 32 | 98% | 29 105 |
| 33 | 100% | 29 698 |

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы, босануға байланысты бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы, № 1, № 2 тізімдері бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы мөлшері жоғарылады.

| Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы | еселік | ТК 29698 |
|---|---|---|
| | | 01.01.2019ж. бастап мөлшері |
| Мүгедектігі бойынша | | |
| Жалпы науқастану, еңбек жарақаты, кәсіптік сырқат | 1-топ 1,92 | 57 021 |
| | 2-топ 1,53 | 45 438 |
| | 3-топ 1,04 | 30 886 |
| Бала күнінен мүгедектер | 1-топ 1,92 | 57 021 |
| | 2-топ 1,59 | 47 220 |
| | 3-топ 1,20 | 35 638 |
| 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар | 1,40 | 41 578 |
| мүгедектікке әскери қызметтен өту кезінде алған жарақаттың салдарынан душар болған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан шыққан мүгедектер | 1-топ 2,81 | 83 452 |
| | 2-топ 2,40 | 71 276 |
| | 3-топ 2,01 | 59 693 |
| қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру салдарынан мүгедек болған жағдайда әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) | 1-топ1,92 | 57 021 |
| | 2-топ1,53 | 45 438 |
| | 3-топ 1,04 | 30 886 |
| әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), ішкі істер органдарында қызметкерлердің әскери қызметін атқаруда өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған мүгедектік | 1-топ 3,44 | 102 162 |
| | 2-топ 2,65 | 78 700 |
| | 3-топ 2,01 | 59 693 |
| Асыраушысынан айырылу бойынша | | |
| 1 асырауындағы адам | 0,86 | 25 541 |
| 2 асырауындағы адам | 1,49 | 44 251 |
| 3 асырауындағы адам | 1,85 | 54 942 |
| 4 асырауындағы адам | 1,96 | 58 209 |
| 5 асырауындағы адам | 2,03 | 60 287 |
| 6 және одан көп асырауындағы адам | 2,11 | 62 663 |
| № 1 тізімі бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы | 9,42 АЕК | 23 786 |
| № 2 тізімі бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы | 8,38 АЕК | 21 160 |
| 1-3 бала тууға байланысты бір жолғы жәрдемақы 4 және одан көп бала | 38 АЕК | 95 950 |
| | 63 АЕК | 159 075 |
| Бала күтіміне байланысты жәрдемақы 1-бала | 5,76 АЕК | 14 544 |
| 2-бала | 6,81 АЕК | 17 196 |
| 3-бала | 7,85 АЕК | 19 822 |
| 4-бала | 8,90 АЕК | 22473 |
| Көп балалы аналар жәрдемақысы | 6,4 АЕК | 16 160 |
| Мүгедек баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы | 1,05 ТК | 31 183 |
| Бала күнінен I топ мүгедек баланың күтімі бойынша жәрдемақы | 1,05 ТК | 31 183 |

Бұрын болған жеңілдіктердің орнына төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері (АМЖ) 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа айлық есептік көрсеткіш 2 525 теңге бойынша есептелді.

| **Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар** | **01.01.2019ж. бастап ұлғайтылғаннан кейін** | |
|---|---|---|
| | **АЕК 2525** | |
| | **еселік** | **мөлшері** |
| Кеңес Одағының батырлары, соғыс және үш дәрежелі еңбек даңқы ордендерінің кавалерлері | 138,63 | 350 041 |
| ҰОСҚ болып табылатын Социалистік Еңбек Ерлері, соғыс және үш дәрежелі еңбек даңқы ордендерінің кавалерлері | 74,65 | 188 492 |
| ҰОСҚ болып табылмайтын, Социалистік Еңбек Ерлері, соғыс және үш дәрежелі еңбек даңқы ордендерінің кавалерлері | 9,6 | 24 240 |
| ҰОС мүгедектері | 16 | 40 400 |
| ҰОС қатысушылары | 16 | 40 400 |
| ҰОС мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар | 7,55 | 19 064 |
| ҰОС қатысушыларына теңестірілген тұлғалар | 6,19 | 15 630 |
| ҰОС жауынгерлерінің жесірлері | 4,48 | 11 312 |
| Қайтыс болған ҰОСҚ, ҰОСМ әйелдері (күйеулері) | 2,56 | 6 464 |
| Бейбіт заманда қайтыс болған әскери қызметкерлердің отбасылары | 4,59 | 11590 |
| Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл еңбеккерлері | 2,13 | 5 379 |
| 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС апат салдарын жоюға қатысушылар | 2,13 | 5 379 |
| I және II топ мүгедектері | 1,49 | 3 763 |
| III топ мүгедектері | 0,64 | 1 616 |
| IV және одан көп баласы бар көп балалы отбасылары | 4,16 | 10504 |
| Саяси қуғын-сүргіннің құрбандары | 1,07 | 2 702 |
| ҚР ерекше сіңірген еңбегі үшін | 1,07 | 2 702 |
| «Қазақстанның ғарышкер ұшқышы» құрметті атағына лайықты тұлғалар | 138,63 | 350 041 |

Қалалық және ұялы телефонынан тегін 1411 қысқа нөміріне қоңырау шалу арқылы Сіз келесі сұрақтар бойынша кеңес ала аласыздар:

- зейнетақымен қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру;
- еңбек қатынастары;
- халықты жұмыспен қамту;
- мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға онлайн психологиялық кеңеске өтінім.

Бұдан бөлек, info@info.mintrud.kz электрондық поштасы және www.info.mintrud.kz web-порталы арқылы Байланыс орталығына жүгінуге болады.

Әлеуметтік–еңбек саласындағы ақпараттық–кеңестік қызмет көрсету бойынша Басқармасына (Байланыс-орталығы) сенбі, жексенбі және мереке күндерінен бөлек, күнделікті 09.00-18.00 аралығында жүгінуге болады.

---

**«Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі» мекемесі мемлекетіміздің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырады.**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІНІҢ 2018 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Бөлім 6 бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады:

1. Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;
2. Эпизоотияға қарсы іс-шаралардың жүргізілу;
3. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;
4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
5. Мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
6. Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру.

Бұл функциялардың барлығын бөлімге ведомствалық бағыныстағы «Жезқазған қалалық ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК жүргізеді. Қаржысы орындалған жұмыстар актісі негізінде төленеді.

2018 жылы бюджеттік бағдарламалар бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

«Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша іс-шаралар жүргізу» бағдарламасы бойынша Қарағанды облыстық мәслихаты бекіткен «Қарағанды облысы аумағында тіркелген энзоотиялық аурулар тізбесіндегі» энзоотиялық ауруларға қарсы жұмыстар жүргізілді. Олар:

- Жылқы малының сақауы тіркелген Ұлытау ауданы, Сарысу елді-мекеніне көршілес жатқан Түйемойнақ, Теректі, Талап елді-мекендерінің жылқылары сақауға қарсы егілді;
- 2015 жылы тейлериоз ауруы тіркелген Әуежай саяжайы және көршілес Талап селосы, Жезқазған қаласы ірі қарасы тейлериозға қарсы егілді;
- Барлық Жезқазған аумағы бойынша бұзаутаз, қойдың қотыр ауруы білінген шаруашылықтардың малы тері ауруларына қарсы егілді.

«Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бағдарламасы бойынша «Профилактикасы, диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне» сәйкес:

«Бруцеллез» ауруының алдын алу мақсатында барлық ірі қара, ұсақ мал және жылқы малының 10 пайызы тексерілді.

Бруцеллезге тексерулер нәтижесінде 62 бас мүйізді ірі қара оң нәтиже берді. Оның 62 басы түгелдей Сәтбаев қаласының «Али» мал сою бекетінде санитарлық союдан өтті. Бруцеллездің клиникалық белгілері болған жоқ. Ереже бойынша санитарлық союдың алдында клиникалық белгілері тексеріліп, сойғаннан кейін ішкі органдары комиссиялы түрде ветеринариялық-санитарлық сараптау жасалып, ауруға тән белгілер анықталмағандықтан шектеусіз сатуға жіберілді.

Ауыл шаруашылығы министрі бекіткен профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алуды жоспарлау ережесіне сәйкес «Сібір жарасына» қарсы барлық ауыл шаруашылығы жануарлары, «құтыруға» жабайы жануарлармен етене араласу қаупі бар шаруашылықтар жанындағы иттер егілді, осы шаруашылықтағы иттер «эхинококкоз» ауруына қарсы дегильминтизация жасалынды, «Қарасан» ауруына 4 жасқа дейінгі ірі қара малы егілді. «Туберкуллез» ауруына ірі қара малдың аналығы тексерілді. Оң нәтиже бергені жоқ.

«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу» бойынша 2018 жылы туылған барлық төл сырғаланып, таңбаланды.

«Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулап, жоюды ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша 2324 ит және 835 мысық ауланып, жойылды.

«Жезқазған қалалық ветеринарная станциясы» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны аумағында ауланған иттер мен мысықтарды уақытша ұстауға арналған тәлімбақ ұйымдастырылды. Бюджетті нақтылау кезінде ауланган ит-мысықтарды иесі табылғанша уақытша асырау үшін тамағына қаржы бөлінді.

«Мал қорымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша Жезқазған қаласы аумағындағы 3 селолық округтегі мал қорымы және Жезқазған қаласынындағы мал қорымы ветеринариялық талаптарға сай күтіп ұсталуда.

2017 жылы үш мал қорымының (Жезқазған қ. Талап с.Малшыбай с.) қоршауы жөнделді.

Жезқазған қаласы аумағында талапқа сай 2 мал сою пункті бар: ЖК «Кулжанов Д.» және «Жезқазған АКК» ЖШС. Екі мал сою пунктінде де ветеринариялық зертхана бар. Сойылған мал ұшалары зертханалық тексеруден өтіп, ветеринариялық анықтамамен қаланың сауда орындарына жіберіледі.

Қаладағы ет өнімдерін сататын базарларда жеке меншік ветеринариялық санитарлық сараптау зертханалары жұмыс істейді, сатылуға келген мал өнімдері толық сол зертханадан тексеруден өтіп, сатылымға шығады. Сондықтан да базарда ауру малдың еті сатылу қаупі жоқ.

Жезқазған қаласы бойынша соңғы 5 жылдағы эпизоотиялық жағдай төмендегідей болды:

- 2014 жылы «Бруцеллез» ауруының алдын алу мақсатындағы диагностикалық тексерулер нәтижесінде 58 бас ірі қара оң нәтиже берді, барлығы санитарлық союдан өтті . Бактериологиялық тексеру оң нәтиже берген жоқ сондықтан да шектеу іс-шаралары қойылған жоқ.

Осы жылы Аэропорт саяжайынан «тейлериоз» ауруы тиркелді.Бұл ауру карантин немесе шектеу шаралары қойылатын аурулар тізбесіне жатпайтындықтан шектеу қойылған жоқ. Бірақ, Қарағанды облысының профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесіне енгізілді.

- 2015 жылы «Инфекциялық ринотрахеит және вирусты диарея» ауруы тіркелді. Шектеу қойылып, республикалық эпизоот отряд келіп сауықтырды.
- 2016 жылы «Бруцеллез» ауруының алдын алу мақсатындағы диагностикалық тексерулер нәтижесінде 33 бас ірі қара оң нәтиже берді. Бактериологиялық тексеру оң нәтиже берген жоқ, сондықтан да шектеу іс-шаралары қойылған жоқ.

Осы жылы базарға сатуға алып келген ірі қара ұшасынан «Туберкулез» анықталып, Кеңгір селосы, Школьная көшесі 8/2 үйге шектеу іс-шаралары қойылып, республикалық эпизоот отряд келіп жұмыс жасап, сауықтырды.

- 2017 жылы «Бруцеллез» ауруының алдын алу мақсатындағы диагностикалық тексерулер нәтижесінде 4 бас ірі қара оң нәтиже берді. Бактериологиялық тексеру оң нәтиже берген жоқ, сондықтан да шектеу іс-шаралары қойылған жоқ.

Осы жылы Малшыбай селосы, «Жамантас» қыстағынан «Листериоз» ауруы тіркелді.Малшыбай селосы әкімінің шешімімен шектеу қойылып, сауықтырылды.

- 2018 жылы «Бруцеллез» ауруының алдын алу мақсатындағы диагностикалық тексерулер нәтижесінде 62 бас ірі қара оң нәтиже берді. Барлық оң нәтиже берген мал ереже бойынша санитарлық союдан өтті. Сойылған жануарлардан патологиялық материалдар алынып, пункттің табынның мәртебесін анықтау үшін оны мемлекеттік ветеринариялық зертханаға бактериологиялық әдіспен зерттеулер жүргізу үшін жібереді. Оның ішінде Жезқазған қаласы, Аэропорт дачасы, Клубничная көшесі 31-үйдің 4 бас сиырынан алынған патматериал ветеринариялық зертханаға 2018 ж. 12 сәуір күні бактериологиялық зерттеуге жіберілді, 2018 ж. 21 мамырда 4 материалдың біреуіне «Бруцеллез» ауруына оң нәтиже деген экспертиза актісі алынып, шектеу қойылды. Сондай-ақ, Түйемойнақ станциясы, Жұмашев С. ауласынан да «Бруцеллез» ауруына оң нәтиже берілгендігі туралы акт экспертиза алынып, шектеу қойылып, сауықтырылғаннан кейін шектеу алынды.

Ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын жүргізу бойынша:

Жергілікті газеттер «Сарыарқа» және «Жезказганский вестник» газеттерінде Қарағанды облыстық мәслихатының XXII сессиясының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 245 шешімімен бекітілген Қарағанды облысының аумағында иттерді және мысықтарды күтіп-ұстау Қағидаларына түсініктеме беру мақсатында 2 мақала жарияланды. «Бруцеллез» ауруының таралу себептері мен алдын алу туралы және «Жануарлар өнімдерін тасымалдау және сату ережелері» туралы нұсқаулықтар таратылды. Бөлімнің сайтында ақпараттар жарияланды.

Жалпы эпизоотиялық жағдай тұрақты. Қаладағы эпизоотиялық жағдай үнемі бақылауда.

**Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі**

---

ХАБАРЛАНДЫРУ

## ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР НАЗАРЫНА!

Құрметті қоғамдық бірлестіктердің төрағалары! Сіздер жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі 31 наурызға дейін:

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға өз қызметіңіз туралы, оның ішінде құрылтайшылар (қатысушылары), мүліктің құрамы, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ақшаны қалыптастыру көздері және жұмсау бағыттары туралы мәліметтерді ұсынуларыңыз қажет. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (10.05.2017 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес мәліметтер берілмеген жағдайда 489-1-бап. Қазақстан Республикасының Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын бұзу:

1. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдардың, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға өз қызметі туралы, оның ішінде өзінің құрылтайшылары (қатысушылары), мүліктің құрамы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы мәліметтерді ұсынбауы немесе уақытылы ұсынбауы, сондай-ақ, дәйексіз немесе көрінеу жалған мәліметтер берген жағдайда ескерту жариялауға әкеп соғады.

2. Аталмыш баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер (әрекетсіздік) әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған болса, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не қызметін үш ай мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді уәкілетті органға пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынған үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі жайындағы ақпаратты ілеспе хатпен бірге Астана қ-сы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 15-кіреберіс, индекс 010000, Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері Комитеті мекенжайына жолдайды.

Үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтерді электрондық түрде ұсыну үшін арнайы infonpo.kz веб-портал жұмыс істейді. Веб-порталда авторизацияланып, тіркелу үшін заңды тұлғаға электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ немесе сертификат) алу қажет. ЭЦҚ алу үшін жақын жердегі халыққа қызмет көрсету орталығының (ХҚКО) бөлімшесінде өтінім беруге болады. Мәліметтер заңды тұлғаға немесе оны алмастыратын тұлға берілген электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Мәліметтерді үкіметтік емес ұйымдар жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін ұсынады.

Толық ақпарат алу үшін «Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ-не хабарласуға болады. **Мекенжайы: Жезқазған қаласы, Алаш алаңы,1, каб.Индексі 100602, e-mail: zhez_ovpe@mail.ru, телефон: 73-49-63.**

---

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ БОЙЫНША КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Жезқазған қалалық мәслихаты Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін сайлау бойынша конкурс жариялайды. Конкурс азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері арасында өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:**

1) нысан бойынша өтініш (үлгілері сайтта maslihat.zhezkazgan.gov.kz);

2) жұмыс тобының мүшелігіне кандидатураны ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі көшірмесі;

Кандидаттың қылмыстық жазаға тартылмауы, психологиялық тұрғыдағы аурулардың болмауы,есірткіге тәуелділіктің болмауы тиіс.

Жұмыс тобына кандидатуралар бойынша ұсынысты 2019 жылдың 1 ақпаны мен 11 ақпан аралығында мына мекенжай бойынша ұсыну қажет: **100602 Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, «Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты» ММ, 10-қабат.**

Электрондық мекенжай: **zhezmaslih@mail.ru**

Байланыс телефоны**: 8/7102/711323**

БҰРЫНҒЫ БАСШЫЛАР БЕЙНЕСІ

# *Мұхамбет КӨПЕЕВ*: ЕЛ ЖАҚТАН ЖИІ ЕСТІЛГЕЙ ЖАҚСЫ ХАБАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

***– Таңдау тектен тек түсе қалмайды ғой...***

– Ол кісі біздің облысқа 1988 жылы бірінші хатшы болып келді. Қаражалға атқарып жатқан қызметіме бір келгенінде кәдімгідей риза болып кеткені бар еді. Бұл былай болды. Евгений Георгиевич Қаражалға келіп, сондағы нысандарды аралауға шықты. Қалалық партия комитетінің, атқару комитетінің басшылары бар, бәріміз қаланы аралауға шықтық. Қай жерге барсақ та жұртшылық маған жақын келіп, хал-жағдай сұрасып жатқанын байқаған облыс басшысы:

– Сен өңкей өзіңді танитын адамдарды жинап қойғансың ба?, – деп әзілдеген сыңай танытты. Бірақ, көңілінде шынында да әлдебір күдік те болған секілді. Мен ол кісіге:

– Евгений Георгиевич, сіз маршрутыңызды өзіңіз белгілеп, өзіңіз таңдап келе жатқан жоқсыз ба?, – дедім. Өйткені, Е.Г.Ежиков-Бабахановтың қай нысанға баратынын ешқайсымыз да білмейтін едік. Сол жолғы кездесуден кейін оның маған деген сенімі арта түскені байқалды.

Жезқазған – облыс орталығы. Демек, қаланың мәртебесі жоғары. Облыстағы барлық қалалар мен елді-мекендер Жезқазғанға қарап бой түзейді. Өзгелерге барлық салалар бойынша өнеге көрсетіп, үлгі бола білу аса жоғары жауапкершілікті, ізденімпаздықты талап етеді. Соның бәрін ой елегінен өткізе келе сенім артылғаны анық. Ал, көрсетілген сенімді ақтау керек. Бұл үшін әрине, ең алдымен халықты қандай проблемалар толғандырады? Қаланың ауыз суы, жылу жүйесі, тазалығы, көлік қозғалысы және т.б. қызмет көрсету салалары елдің көңілінен шыға ма? Меніңше, әрбір жаңадан тағайындалған басшы өзіне қарасты аумақтағы алғашқы жұмыс күнін осындай мәселелерге көңіл аударудан, оны сараптауға салудан бастауға тиісті.

Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаннан кейін қалалық атқару комитетінің бұрынғы төрағасын өзіме шақырып, әңгімелесіп көрсем, көп нәрседен бейхабар екенін байқадым. Сол екеуара болған әңгіменің бәрі есте қала қойған жоқ, бірақ, «Жуырда ғана қаладағы құдықтардың санын анықтадық» дегені қатты ренішімді туғызғаны есімде. Ол жаңадан тағайындалған басшы емес, қалалық атқару комитетінің төрағасы лауазымында жүргеніне үш жыл болған еді. Осыдан-ақ қабілеті, қалаға деген жанашырлығы айқын сезілді. Облыс басшылығына жылдамдатып қалалық атқару комитетінің төрағасын ауыстыру туралы мәселе қойдым. Бұл қызметке сол кезде облыстық коммунальдық шаруашылық басшысы қызметінде жүрген, бүгінде марқұм болып кеткен Талдыбай Қаленовті ұсындым. Менің бұл ұсынысыма облыс басшысы шоршып түсті.

***– Неге?***

– Кеңес заманында «жазылмаған заңдар» көп болатын. Сондай «заңдардың» талабына сәйкес бір басшы қазақ болса, екінші басшы міндетті түрде басқа ұлттан болуы керек еді. Сондықтан да, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Г.Ежиков-Бабаханов менің ұсынысымды естігенде «не айтып отырсың?» дегендей үнсіз отырып қалды. Ол кісіге уақыттың өзгеріп жатқанын, республиканың Егемендік туралы Декларация қабылдау қарсаңында тұрғанын, сондықтан, бұрынғы қасаң қағидаларға жабыса берудің дұрыс еместігін ақырындап отырып жеткіздім. Әсіресе, Талдыбайдың бұрын осы қалада қызмет еткенін, қаланың коммуналдық саласын өте жетік білетіндігін, облыс орталығындағы жылу, су, жарық мәселесінде ешқандай проблема туындамау керектігін алға тартып, ұсынысымның барынша дәлелді білгендіктен, обком басшысы ақырында келісті, сөйтіп, Т.Қаленов қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

***– Сонымен, жұмысты неден бастадыңыз?***

– Мен жұмыс кестемді екі ауысымнан тұратын етіп құрдым. Мұның мәнісі былай: біріншіден, күндізгі уақытта әртүрлі жиындар, семинарлар, т.т. Екіншіден, кешке қарай тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін өндіріс орындарын аралау, жұмыскерлермен жұмыс орындарында кездесу.

***– Мына жұмыс тәсіліңіздің бүгінгі басшылар үйренетін тұстары да жеткілікті тәрізді. Сондықтан, кеңірек айтып берсеңіз...***

– Пайдалана ма, жоқ па, өздері біле жатар, менің міндетім – айту, сенің міндетің – жеткізу. Екеуміз осы міндетімізді атқарайық.

Кешкілік жұмыстан келген соң, жақсылап шайымды ішіп аламын да, өзім «түнгі кезекшілік» деп атаған жұмысқа кірісетінмін. Мыс қорыту зауытында электролизді, анодты цехтарында, байыту фабрикасында, №1, №2 Бас корпустарында, тоқыма фабрикасының басты цехында және т.б. өндіріс орындарында болатынмын. Жұмыскерлермен бірге цех ішін аралап, өндірістің қыр-сырымен, азаматтармен танысамын. Олар кезектесіп шай ішкен кезде қастарына отырып, бірге ішемін. Алғашында адамдар аздап қорқасоқтап, ашылып әңгімелесе қоймайтын. Кейін олар тіпті, мені күтіп тұратын, іздеп жүретін болды. Мұндай кездесулерде қандай мәселелерге көңіл аударылатын еді? Айталық, дүкендердің жұмыс кестесіне көпшіліктің көңілі тола ма, жұмыскерлерге ыңғайлы ма, жоқ па? Халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты қандай ойлары бар? Өздеріңізге мәлім ол кезде дүкендердің сөрелері қәзіргідей толып тұрмайды Басты сұраныс сапалы нан мен сүт уақытында жеткізіліп тұру керек. Монша, пошта, байланыс, жалпы тұрмыстық қызмет көрсету салаларына деген көзқарастары қандай? Автобустардың жүріс-тұрыстары қалай? Су, жылу, жарық мәселелерінде қандай проблемалар бар? Міне, осы тәрізді күнделікті тіршіліктің таусылмайтын мәселелері туралы көпшілікпен емен-жарқын, еркін сөйлесуші едік. Сол кездесулер кезінде айтылған ескертпелерді, өтініш -тілектерді негізге ала отырып, қалалық атқару комитетіне, басқа да мекеме, ұйымдарға тапсырмалар беріліп, мәселелердің оң шешімін табу талап етілетін. Шыны керек, сол кездесулерде көптеген өтіріктің беті ашылып жататын. Әрбір саланың басшыларына бұрынғы жазылған анықтамаларын қайта қарауға тура келді, өйткені, олардың көпшілігінде жалғандық басым еді.

Адамдармен әңгімеде тек қаланың тыныс-тіршілігі туралы ғана емес, отбасындағы жағдайлар туралы да сұрастыратынмын. Біреуге отын керек, біреуге көлік керек дегендей... Қазір есімін ұмытып отырмын, тігін фабрикасындағы бір жұмыскер орыс әйелі баласының сырқатына қажетті, бірақ, таптыра бермейтін, дәріханаларға сирек түсетін дәрі туралы айтты. Ол маған жылап отырып, сол дәріні табуға көмектесуімді өтінді. Ертесіне жұмысқа келе сала, дәріханалар жүйесінің басшылығына телефон шалып, «осындай да осындай дәрі керек еді» десем, ол да ешқандай көмектесе алмайтынын жеткізді. Шынында да, өте сирек қолданылатын дәрі екен. Содан республикаға шығуға тура келді. Менің бағыма сол кезде республикалық «Казфармация» басшысы өзімнің жездем Ержан Қалекеев есімді азамат болатын. Біздің іздеген дәріміз Жезқазғанға арнайы тапсырыспен жеткізілді. Әлгі әйелге дәріні өз қолыммен апарып бердім. Сол сәттегі әйелдің қуаныштан ағыл-тегіл жылағаны көз алдымнан кетпейді. Кейін «Сынок, сенің арқаңда ұлым сауығып кетті» деп алғысын жаудырды. Адамдардан өзіңді жоғары ұстамасаң, олардың көңіліне жол таба білсең, олар барлық шындықты жасырмайды, өзің сұрап тұрғасын, саған кінә артпайды, керісінше, ақыл-кеңесін береді, ұсыныстарын айтады, соларды сараптап, ой елегінен өткізіп, кемшілікті жоюдың жолдарын белгілей білсең, жұмыс та жақсы жүреді.

Халықпен кездесулер барысында қаланың кейбір аудандарының тұрғындары тарапынан орталық жылу жүйесіне қосылмағандықтан көп қиыншылық көріп жүргендері туралы біршама шағым айтылды. Ал, бұл қаланың бюджеті арқылы шешіле қоймайтын мәселе еді. «Жезқазғантүстімет» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры Тамерлан Михайлович Урумовты аталған мәселені талқылау үшін өзіме шақырдым. Масқара болғанда Т.М. Урумов қалалық партия комитетінің қай көшеде орналасқанын білмейтіндей болып көп кешікті! «Горкомның» ғимаратын білмеген адам оның бірінші хатшысының кабинетінің қай қабатта орналасқанын қайдан білсін?! Ол тек облыс басшыларын ғана мойындайтын мықты екенін білетінмін.

Кабинетке еңжарлау аттаған Тамерлан Михайловичті жасы үлкен кісі болғандықтан орнымнан тұрып, орындық ұсынып, қарсы алдым. Ол жайғасқаннан кейін:

– Қалада жылу неге жетіспейді? Жылу-электр орталығындағы №11 қазандықтың құрылысы неліктен тым ұзаққа созылып, бітпей жатыр?, – деген сұраққа көштім. Ол ыңыранып отырып:



– Қаражат жетіспей жатыр ғой, – деп, сұлықсыздау жауап қайтарды. Мені менсініңкіремей отырғаны намысыма тиіп:

– Сіз менің тау-кен инженері екенімді білетін боларсыз? Осы жерде туып-өскенім бар, аз да болса шахтада жұмыс істегенім бар, оның үстіне осыған дейін обкомда бөлім басшысы болған кезде, комбинаттың жағдайын бірнеше қайтара бюроға дайындағанымда естіп-көргенім бар, сондықтан да қаражатты тиімді пайдаланатын болсаңыздар, әбден жеткілікті деп есептеймін. Комбинаттың жұмыскерлерінің, кеншілер мен металлургтердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға жұмсау орнына Анненск кенішінің әкімшілік ғимаратын салуға миллиондаған сом қаржы бөліп отырсыз. Бұл соншалықты қажетті ғимарат па? Ертеңгі күндері осы ғимараттың керегі жоқ болып шықпауына кепілдік бересіз бе? Жаңадан мұны салғанша, жанында тиіп тұрған №57-шахтаның кен көтеру мүмкіншілігін көбейтіп, ал, жер асты жұмыстарын осы Шығыс Жезқазған кенішінің кен аясы арқылы кеңейтуді есептеп көрдіңіздер ме? Бұл үлкен экономия келтіреді ғой! Егер ондай жұмыс жүргізілмесе, тиісті мамандарды Одақтық органдардан шақыртып зерделейік, – дегенім сол-ақ екен, жалы күжірейіп отырған Т.М.Урумов сылқ ете қалды. Зәре-құты қалмады.

– Сізден өтінемін, ешкімге айтпаңызшы, әйтпесе, бұл КСРО Жоспарлау комитетінде бекітіліп кеткен жоба ғой. Егер тексеру жасалып, жоба қате деп табылатын болса, мен ғана емес, бәріміз де құримыз, – деді жалынышты үнмен. Сөйтіп, сабасына түскен Тамерлан Михайлович қазандықтың құрылысын тездету үшін қаржы табуға уәде берді. Сәл кейінірек коттеджер мен «МЖК» ауданында автономды түрде жұмыс істейтін қазандық іске қосылды.

Т.М.Урумов кабинеттен шыға салысымен облыстық партия комитетіндегі, облыстық атқару комитетіндегі жақтастарына жетіп барып, мені жамандағанға ұқсайды. Обком хатшысы Шарпинский, облатком төрағасының бірінші орынбасары, кейін Жезқазғанның алғашқы әкімі болған Юрченко бірінен соң бірі телефон соғып, комбинаттың басшысын қорғап, жандары шығып кете жаздады. Халық жылудан тарығып отырғанда, олардың да әрекетсіз отырғандарының жөнсіздігін қатты айтуға мәжбүр болдым. Сөйтіп қала тұрғындарының қамын ойлаймын деп облыс басшылары қатарынан «жау» тауып алдым.

***– Облыс басшыларына қарсы келу – қызмет бабында кері әсерін тигізуі мүмкін еді ғой. Бұл жағын ойламадыңыз ба?***

– Жезқазған – менің туған қалам, осы топыраққа кіндік қаным тамған, осында өсіп-жетілдім. Өзімнің туған жеріме қолымнан келгенше қызмет істей алмасам, азаматтығыма сын емес пе? Сосын әр нәрсенің жөн-жобасы деген болу керек қой. Жөнсіз сынап, мінеп, сөзіңді тыңдамай, өзіңді қолдамай жатса, неге қарсы шықпасқа? Неге өзіңнің дұрыстығыңды дәлелдеу үшін күреспеске? Бір ғажабы, обкомның бірінші хатшысы Е.Г. Ежиков-Бабахановтың маған деген көңілі алабөтен жоғары еді, ол мені өте қатты сыйлайтын, қадірлейтін. Сыйлайтыны соншалық мені «Мәке» дейтін. Менің бастамаларымды әрдайым қолдап отырды. Өзінің көмекшісіне «Егер Мұхамбет Жұманазарұлы келемін десе қабылдау бөлмесінде күтіп қалмасын, оның уақыты жоқ. Мен оның қала үшін қалай жанын салып, жүгіріп жүргенін жақсы білемін. Егер қолым босамайтын болса алдын-ала Мәкені ескертіп қойыңдар» деген арнайы тапсырма беріп те қойған екен.

Облыс басшыларының арасында әдейі тұқыртып ұстағысы келетін шовинистері де, өздерінің білім, білігі жетпегеніне өзгені кіналауға дайын тұратын кеудемсоқтары да аз болмады. Бұл менің облыс басшыларымен бірнеше рет тайталасып қалуыма түрткі болды.

***– Қазіргі кезде биліктің о жақ, бұ жағында жүрген азаматтардың арасында өзінен төменге өктем сөйлеу, ал, жоғары лауазым иесінің айтқанын жазылмаған заң іспетті қабылдау қалыптасып кеткені байқалады. Табансыздық, жалтақтықтың ақыры жақсылыққа апармайтыны белгілі. Сондықтан, «Неге өзіңнің дұрыстығыңды дәлелдеу үшін күреспеске?» деген сөзіңіз қатты ұнап отыр.***

– Ешкіммен еш уақытта шекісу, тартысуды алдыма міндет, мақсат етіп қойған адам емеспін. Түсінісіп жұмыс істегенге ештеңе жетпейді. Бірақ, қайталап айтайын, істің жөніне қарау керек.

Кешегі Кеңес заманында халық жылына екі мәрте, 1 Мамыр – Еңбекшілердің Халықаралық ынтымағы және 7 қараша – Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерінде шеруге шығатын. Халық шеруден соң мерекені мейрамдап, көңіл көтеруі керек.

Қазіргі Жезқазған қаласы әкімдігі орналасқан ғимараттың алдында В.И.Лениннің зәулім ескерткіші тұратын. Соның алдынан облыс басшыларына, құрметті қонақтарға арналған мерекелік мінбер орнатылады. Қала мекеме, кәсіпорын, ұйымдары рет-ретімен Бейбітшілік көшесінің бойымен көлді бетке алып, өтуі тиіс. Бұл негізі адамдарға ыңғайсыздық тудыратын. Неге? Өйткені, шеруден соң, адамдар қаланың орталығында мерекені жалғастыру үшін қашан шеру біткенін күтіп, сырт жақта тосыңқырап қалатын. Олардың қолдарындағы ұрансөздерді де мекемелердің ғимараттарына қайта апару қажет. Сондықтан шеру маршрутына өзгеріс енгіздім. Шеру көл жақтан басталып, қаланың ішіне қарай жылжитын болды.

Қаладағы ең ірі мекеме «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігі мен «Казмедьстрой» басшылығына қазіргі Қ.Сәтбаев және Алғашқы Құрылысшылар, ал бюджеттік ұйым ұжымдарына С. Сейфуллин ескерткішінің маңындағы алаңдарда мерекені одан әрі жалғастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру тапсырылды. Біздің бұл бастамамыз облыстық партия комитетінің идеологиялық жұмыстары жөніндегі хатшысы С.Сапарғалиевтің көңілінен шықпады. Ол бұлқан-талқаны шығып:

– Пәлен жылдан бері қалыптасқан маршрутты неге өзгертесіңдер? Егер бұрын мұндай шеру өткізіп көрмеген болсаң, балқаштықтардан үйреніңдер. Сен қызмет бабында ғарыштық жылдамдықпен өсуді білесің, бірақ, әлігe күнге облыстың орталығы болып саналатын қаланың мәртебесін түсінбейсің, – деп, ақылға қонымсыз, бір-біріне қабыспайтын сөздермен сынап, мінеп, ешқандай негізі жоқ айқайға басты. Түсіндіргің келеді, түсінбейді.

– Жезқазған облыс орталығы болғандықтан, керісінше, Балқаш бізден үйренсін, – деймін. Әрі-беріден соң мерекенің адамдар үшін жасалатынын, олардың шеруден соң алаңдарға барып, ұжым болып, жұптарын жазбастан, бала-шағаларымен бірге қыдырып, көңіл көтерулеріне жағдай жасауымыз керектігін айттым. Ақыры, шерудің «дауы» обкомның бірінші хатшысының кабинетіне шейін жетті. Е.Г. Ежиков-Бабаханов мәдениеті жоғары, қашан болсын асығыстыққа жоқ, қандай мәселеге болсын байыппен қарайтын басшы еді. Ол біздің сөзімізді тыңдап болған соң, С.Сапарғалиевке қарап:

– Егер бұл бастама қала тұрғындарына ыңғайлы болса, қолдау керек, – деді. Бәрі орны-орнына қойылды. Болмашы ғана нәрсе секілді көрінгенімен, осының өзі адамдарға үлкен әсер етті. Бұл туралы сол тұста халық маған ризашылықтарын білдірді.

Қатар жатқан көршілес қос қаланың шаруашылығының біршамасы ортақ болып келетін. Әсіресе, сүт, ет комбинаттарының өнімін екі қала бірдей тұтынамыз. Сондықтан, олардың жұмысының мүлтіксіз болғанына екі қаланың басшылығы да мүдделіміз. Бірақ, сүт зауыты да, ет комбинаты да Жезқазған қаласы төңірегінде орналасқан. Ал, олардың жұмысына ешкімнің көңілі толмайды, өйткені, екі күннің бірінде бұзылып, тоқтап қалып жатады. Бірде облыстың бірінші басшысы Е.Г. Ежиков-Бабаханов обкомның төрт хатшысын, облатком төрағасы мен оның бірінші орынбасарын, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының, облыстық «Сельхозтехника» бірлестігінің басшыларын, мені және Сәтбаев қаласының бірінші басшысы Владимир Николаевич Малышевты шақырып, ет комбинаты мен сүт зауытының мүшкіл жағдайын қарап, талқылаған жиын өткізді. Жиын барысында алдымен облыстық партия комитетінің хатшылары Иван Шарпинский мен Аманжол Көпбаевтің, облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Григорий Юрченконың есептері тыңдалды. Енді мына қызықты қараңыз, олар аталған өндіріс орындарындағы кемшіліктердің бәріне Жезқазған қаласының басшылығын, яғни, мені кінәлі етіп шығарды. Қандай ұсыныс жасады дейсіз ғой? «Бұлар Балқашқа барсын, қалай басшылық жасауды, жұмысты қалай жүргізуді солардан үйренсін» деді. Олардың сөздерін әзер тыңдап отырдым. Есеп беру қалай аяқталды, солай сөз сұрадым.

– Евгений Георгиевич, Жезқазған – облыс орталығы. Мұнда облыстың бүкіл басшылығы орналасқан. Бәрі шетінен мықты, ақылды, іскер. Неге бұлар «Жапон барлаушылары» секілді сырттан бақылап отыруға ғана әдеттеніп алған? Егер Балқаш қаласында бәрі керемет болса, онда облыстық мекеме басшылары Жезқазған облысын 6 ай Жезқазған қаласынан, 6 ай Балқаш қаласынан басқарсын. Мүмкін сонда 6 ай ішінде біздің миымыз істеп кетіп, басымызға ақыл бітіп, шаруамыз алға басатын шығар, – деп, бір-ақ тоқтадым. Бірінші хатшыдан басқасының бәрі «Бұл Көпеев әбден шектен шығып кетті. Теперь он нас хочет выселить из Жезказгана» деп ыршып түссін. Сонда Евгений Георгиевич:

– Вообще-то, Мәке прав. Почему в городе где сосредоточны все умы, руководители и специалисты областных организации не могут навести порядок? Значит никто из нас не хочет брать ответственность на себя, поэтому по принципу «моя хата с края» не вникает в суть проблемы. Прошу облисполком срочно составить пошаговый план по выявлению проблем и пути их решения, - деп аяқтады. Осылайша, тағы бір жөнсіздіктің жолы кесілген еді. Жиыннан соң Владимир Николаевич Малышев кабинетіме келіп, құшақтап:

– Ты не боишься их? Они же житья не дадут тебе!, – деді. Мен:

– Владимир Николаевич, я никого не боюсь! Потому что я честен перед своей совестью. Я работаю для того, чтобы жители были довольны, принятыми нами решениями на их блага. Других цели у меня нет!, – дедім. Солай шындықты айтамын деп талай рет айқасуға тура келді. Жұмыста талапты күшейтсең, халыққа жаққанмен, қасыңдағыларға жақпайсың. Сосын олар айналаңнан ор қаза бастайды. Жезқазғанда осындай жағдайды бастан өткеруге тура келді.

***– Сіз қалалық Кеңестің төрағасын сайлау кезіндегі болған тартысты меңзеп отырсыз ба?***

– Ия. Горбачевтің Кеңестер ролін күшейтемін деген саясатына байланысты жергілікті жерлердегі партия комитеттерінің бірінші хатшылары Кеңес төрағасы деген қызметті де қоса атқаратын болған. Сол төрағаны сайлау кезінде мені ысырып жіберуді көздеген бүлікші топ пайда болды. Обком басшылығын әзер дегенде көндіріп, қалалық Кеңес атқару комитетінің төрағалығына өзім алып келген азамат өзіме қарсы топ ұйымдастырады деп үш ұйықтасам түсіме кіріп пе? Дүниеден өтіп кеткен адам туралы жаман сөз айтуға болмайтынын білемін. Топырағы торқа, иманы жолдас болсын! Шамасы, тасада тұрып Талдыекеңнің қолтығына су бүркіп, пайдаланғысы келген Тукеев, Тихомаев секілділердің ісі болу керек. Әйтпесе, ол кісінің ондай арамза мінезі жоқ деп ойлаймын. Бүлікшілер, қалалық кеңестің кезекті сессиясының күн тәртібіне енгізілген қала тұрғындарының әлеуметтік проблемаларын шешу мәселесін қарауды ысырып тастап, мені қызметтен босатуды талқылауды жөн көрді. Алайда, олар қанша жерден тыраштанғандарымен, елге жаны ашитын, әділдікті мойындайтын азаматтар қай кезде де баршылық қой! Депутаттар екіге жарылды. Сондықтан жабық дауыс беру арқылы шешім қабылдау ұсынылды. Басшы болғасын қате тұстарым да бар шығар. Бірақ, тек жұмыс істемейтіндер ғана қателеспейді ғой! Қателігімді өзіме келіп, бетіме айтуға батылы бармай, астыртын қарсы жұмыс істегендерге таң қалдым. Сессияның соңына тақау сөз алып, біраз сұрақтарға, жабылған жалаларға жауап бердім. Дауыс беру қорытындысында қалалық Кеңес депутаттарының басым көпшілігі менің жағыма шығып кетті. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» демекші, әбден «облыс басшылары не айтады» деп жалтақтап қалған қаланың мәртебесін көтерсем деген үмітімнің тамырына өз азаматтарым балта шапты. Бірақ, бәрібір «Көпеевтің күні бітті» деп, алақанын ысқылап жүргендер жер болып қалды да, мен қалалық Кеңестің төрағасы болып сайландым.

80-жылдардың соңына таман Кеңес Одағының ұзаққа бара қоймайтыны белгілі болды. Тек саяси тұрғыда ғана емес, экономикалық тұрғыда да жаңалықтар өмірге ене бастады. «Капиталистік» деп ашып айтпасақ та нарықтық экономикаға өте бастадық.

***– Сол тұста ұлттық тіл, дін қайта жандана бастағаны да белгілі. Қоршаған ортаның ластануына, яғни, экологияға деген алаңдаушылықтар да қатты байқалатын.***

– Қала басшысы ретінде қаланың барлық тыныс-тіршілігінен тыс қала алмайсың. Бірде маған сол кездегі имам Жақия қажы келді. Ол республиканың жер-жерінде мешіттер бой көтере бастағанын, бізде де елімізде алғашқылардың бірі болып жаңа мешіт салынса деген тілегін жеткізді. Дұрыс шаруаға бел шеше араласып кеттік, мешіттің кірпіштерін Қызылордадан тасыдық. Сөйтіп Жезқазғанда жаңа мешіт ашылды. Бұл мешіт әлігe шейін халыққа қызмет көрсетуде. Жезқазғанның Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров сол кезде қалалық Кеңестің депутаты болатын. Ол бірде маған қалалық мұсылмандар қорымындағы тазалықтың сын көтермейтіні туралы айтты. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде қалалық мұсылмандар қорымында алғаш рет сенбілік өткіздік. Сенбілік барысында 250-ден астам «КаМАЗ» көлігімен қоқыс шығарылды. Сондағы халықтың ықыласы да көз алдымда. Таңертеңнен кеш батқанша қорым басында жүрдік, қабақ шытқан ешкім болмады.

92, 94-орамда орналасқан РЛС-ті, яғни, радиолокациондық стансаны жабу да оңайға түспеді. Бұл жұмысқа білек сыбанып кіріскен Плишке, Шульц, Сизова секілді әріптестерімнің еңбегі өте зор! Қаншама рет әскерилермен тайталастық, айқайластық десеңізші! Бірақ, мақсатымызға жеттік, РЛС-тің көзін жойдық!

***– Жезқазғанды Сізге дейін де, Сізден кейін де басқарған азаматтар баршылық.Солардың арасынан кімдерді ерекше атап өтер едіңіз?***

– Жезқазғанды кім басқарса да, солардың арасынан Ошақбай Асылбеков ағамыздың қаланы гүлдендіруге бағытталған орасан зор еңбегін ешкім қайталай алған жоқ! Соның бірі – өзім! Менің бұл сөзіммен тек Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов келіспеуі мүмкін. Оған талас жоқ! Неге бұлай дейтінімді әрбір жезқазғандық біледі!

***– Жезқазған халқына деген бір ауыз тілегіңіз..***

– Баршаңызды қаланың мерейлі тойымен құттықтаймын! Жерлестеріме тек қана бейбіт өмір, толағай табыс тілеймін! Туған жерден қуанышты хабар есту бойыңа қуат береді. Сондай жақсы хабар ел жақтан жиі-жиі естіліп тұрса екен! Еліміз аман, бақытқа толы, берекелі заман болсын!

***– Сізге де рахмет! Той төрінде жолығайық!***

*Сұхбаттасқан:*
**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
*Жезқазған-Астана-Жезқазған*

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

### *1959 жыл*

• 15 сәуірде Кеңгір су қоймасында құтқару стансасы мен оған қарасты медпункт ашылып, жұмысқа кірісті.

• 25 қарашада қалалық жас техниктер стансасы ашылды.

• Жезқазғанда шахта жолдарының «Донецк шахта жолдары» тресі құрылып, оған Украинадан арнайы мамандар келді.

• №5 сегіз жылдық мектеп ашылды.

• Еңбекшілер депутаттары қалалық кеңесі атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық бөлімі құрылды.

• Жезқазған кен комбинаты жанынан ғылыми жобалау экпериментальді зертхана ашылды, оған белгілі конструктор Б.Башилов басшылық жасады.

• ҚазКСР жобалау мекемелерінің дамуы және жобалау жұмыстарының кеңеюіне байланысты Жезқазған институты Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі түсті металл басқармасына берілді. Институтта қосымша зерттеу және автоматика бөлімдері ашылды.

• Көз ауруларын емдейтін бөліммен бірге тыныс-есту жолдарын емдейтін бөлім ашылып, өңірде алғашқы рет көзге ота жасау істері жүзеге асты.

• Ғалым-минеролог Т.Қ.Сәтбаева №55 шахтадан табылған, салмағы 2 кг-ға жуық, бетехтинит кристалын Жезқазған кен орнынан тұңғыш рет тауып зерттеді. Бұл кристалл кен-металлургия комбинатының геология мұражайында сақтаулы тұр.

• Жезқазған қаласы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің шешімімен Никольский кентінде ауданаралық психоневрологиялық диспансер құрылды.

• 1959-1961 жылдары Жезқазған фабрикасы жаңартылды. Оның қуаттылығы біржарым есеге өсті. Бірақ, мұның өзі де жеткіліксіз болып, тағы бір байыту фабрикасын салуға шешім қабылданды. Фабрика құрылысына «Қазмысқұрылыс» тресі, «Гэуқұрылыс», «Мысқұрылыс», «Су көлігі құрылыс» және тағы да басқа ұйымдар атсалысты. Қуатты



байыту фабрикасының құрылысы бүкілодақтық құрылыс болып жарияланды. Украина, Белоруссия, Ресей және басқа да республикалардан құрылысшылар келді. Ондаған зауыттардан Жезқазғанға машиналар, жабдықтар, нақты құрадар, құрылыс материалдары жіберілді.

### *1960 жыл*

• Қыркүйек айында қалалық жедел жәрдем стансасы ашылды.

• «Қазақстан» кинотеатры ашылды.

• «Қазмысқұрылыс» комбинатының жұмысшылары үшін №3 кешкі мектеп, Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының жұмысшыларына №6 кешкі мектеп ашылды.

• №15 бастауыш аралас орта мектеп ашылды. Ол 1967 жылы сегізжылдық мектеп болып, 1983 жылы №9 аралас орта мектеп болып құрылды.

• Ең ірі өндірістік орын – №32 шахта қатарға қосылды.

• Жезқазған Златоуст-Беловск карьерінің тау-кен өндірістік кешендерінің қарқыны өсе бастады. Златоуст-Беловск карьері және Анненск карьері құрылыс топтарының жұмысын жақсартуға ықпал жасаған солтүстік Жезқазған кеніші құрылды. Кенішке жаңа механизмдер мен жабдықтар: бұрғы жабдықтары, 25 тонналық самосвалдар, сегіз текшелік экскаваторы ЭКГ-8 берілді.

• №1 аурухана құрылымынан травматологиялық бөлімі бөлініп шықты.

• 8 желтоқсаннан бастап Жезқазғанда телестудия жұмыс істей бастады.

• «Южный» саябағы бой көтерді (қазіргі «Наурыз» саябағы).

• Жылу электр орталығында 220 т/сағ бу шығаратын №5, №6 қазандықтар және қуаты 50мВт-қ №5 турбогенератор іске қосылды.

• Ленин даңғылында (бүгінгі Алашахан даңғылы) кеңсесі орналасқан Жезқазған қалалық соты жұмысын бастады.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

АКАДЕМИК Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

# ҚАНЫШ АМАНАТЫ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

**Жерінің асты толған қазына, үсті ырыс кенді өлке Жезқазған өңірінің ен байлығын ел игілігіне айналдыру, кемелді келешегіміздің негізін бүгіннен қалап, экономикалық қуатын арттыру арқылы Тәуелсіз мемлекетімізді дүние жүзіндегі дамыған елдермен терезесі тең өркениетті елге айналдыруға сүбелі үлес қосу – елін сүйетін, Отанының баянды болашағына деген сенімі мол әрбір азаматтың қасиетті борышы.**



Мен, биыл қала мәртебесін алғанына 65 жылдығын тойлағалы отырған Жезқазғанның тумасымын, қаладан екі жас үлкендігім бар. Аталарымның негізгі қонысы – Жезқазған қаласының нақ басы. Дәлірек айтсам, қазіргі Кеңгір су қоймасының күнбатыс жақ табаны. Кейіннен, қала бой көтерген тұста, ол жер көлге айналатын болған соң, қаланың шығысына қоныс аударып, №1,2,3 «Бекболат» ауылы атанған жерден әкелеріміз үй тұрғызып, соған көшкен екенбіз. Қазірде Жезқазғанның үлкен металлургия зауыты орнаған жер бұрын Наушабай деп аталған. 1930-1940 жылдары аталарым қоныстанған ауылға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жиі келіп тұрған екен. Аталарым мен әжелерімнің қойған сұрақтарына, Қаныш аға Жезқазған даласында мыс кенінің мол қоры барын, алдағы уақытта табылатын әлі де көптеген басқа да кен байлықтары көп екенін айта келе, енді шамалы жылдары осы жерде үлкен қала болатынын, Қарағандыдан теміржол келетінін, кенді өңдейтін үлкен фабрикалар мен завод салынады дегенінде бірі сеніп, енді біреулері сенбестік білдірген. Ауыл ақсақалдарының таңырқағанын байқаған Қаныш аға: «Қаланы да, зауытты да, теміржол мен тоғанды, тағы басқа құрылыс нысандарын осы арадағы халықтың өзі істейді. Оған үкімет басшылық етіп, қаражат бөледі. Мыс өндіретін фабрикалар мен зауытта сіздердің балаларыңыз бен немерелеріңіз жұмыс істейтін болады», – дейді. Қаныш ағаның айтқандарына ауыл тұрғындары: «Айтқаның келсін, айналайын, Алла жар болсын», – деп баталарын берген екен. Сонау жылдары «Бекболат» ауылы атанған 10 шақты үйден бүгіндері көптеген ұрпақ тараған үлкен әулетке айналды. Сол ұрпақтың бірі мен – Төлеген Нұрмағанбетұлы Бүкіров.

Әкемнің туған інісі Сүтемген көкем Бүкіров (1921-1996 ж.ж.) Жезқазған қаласында көп жылдар елеулі еңбек етті. Жазушы-ғалым, Мемлекттік сыйлық иегері Ақселеу Сейдімбеков естелігінде: «Сүтекең туған өлкесінің тірі шежіресі еді. Киелі де қасиетті Ұлытау өңірінің екі ғасырлық тарихын кішкентай көкірегіне сыйдырған алып қойма еді. Сүтекеңнің пайымы, Сүтекеңнің дерегі біз түгіл, кешегі Қанекең (Сәтбаев), Әлекеңдерге (Марғұлан) нағыз компас іспетті болғандығы белгілі. Ұлытау-Жезқазған жақтан жол іздегендерге, жоқ іздегендерге Сүтемген аға бағыттаған тайдырмас бағдаршам қызметін атқарғандығын ғылымның өлкетану атты ауқымы кең саласымен айналысатындардың ешқайсысы да жоққа шығармаса керек. Сүтемген Бүкіров өз халқының нағыз патриоты, адал ұлы болды. Оның бүкіл саналы ғұмыры көмескіленген тарихымызды, көзден кетсе де көңілден өшпеген көне мағлұматтарды іздеумен өтті», – деп толғана жазған.

Көзінің тірісінде «Музей ата» атанған Сүтемген көкемнің Қаныш Сәтбаевқа деген сүйіспеншілігі ерекше болатын. «Қаныш аға дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде ол кісінің балаша жылағаны әлі есімде. Қ.Сәтбаевтың үлкен портреті көкемнің бөлмесінің төрінде ілулі тұратын.

1970 жылы Алматыда жүргенімде Сүтемген көкем мені қасына ертіп Қ.Сәтбаевтың үйіне апарды. Бізді Таисия Алексеевна қарсы алды. Шай іштік. Сол кездесуде ерекше есте қалғаны Т. Алексееваның:

– Сүтемген, мен саған қолымдағы Қаныш туралы деректерді тапсырайын, кітап етіп жазшы? Осы деректерді (құжаттарды) талай адам сұрады, соңғы кезде Медеу Сәрсекеев деген жазушы қайта-қайта келуде, тіпті араға таныстарымды да салды, бермедім. Тағы да айтамын, сен Қаныш туралы деректер жинап жүрсің ғой, саған берейін қолымдағыларды, кітап етіп шығаршы, – деп өтінгені.

Көкем ойланды. Жүзі күреңітіп, сәл уақытқа тынысы да тоқтап қалғандай әсер берді. Ақырында:

– Таисия Алексеевна, сеніміңізге көп рахмет, бірақ мен Қаныштай зор тұлғаны дұрыстап суреттей алмаймын ба деп жасқанамын. Сондықтан Қанышты өзі сияқты үлкен шебер жазушы жазғанын жөн көремін, – деді күрсіне.

Мұның өзі Сүтемген көкемнің әр нәрсеге үлкен жауапкершілікпен қарайтынын байқататын. Шай үстінде Таисия Алексеевна Қанаға туралы біраз әңгімелер айтты.

Кейінде «Ұлы адамдар өмірі» сериясымен Медеу Сәрсекеевтің Қ.Сәтбаев туралы кітабы жарық көрді. Сол жылы Жезқазғанда аталмыш кітаптің тұсау кесерін М.Сәрсекеевтің өзі қатынасып өткізді. Кешкісін Медеу, қасында жезқазғандық инженер-геолог Мәлік Омаров бар, көкемнің үйінде дәмдес болдым.

1978 жылы жаз айында Мейіз Қанышқызы Жезқазғанға арнайы келді. Сол жолы көкем мені қасына ертіп Мейізбен бірге Қарсақбайға алып барды. Қарсақбайда Қ.Сәтбаевтің музей-үйінде болдық, көп естеліктер айтылды. Әңгіме арасында Қарсақбай зауытында еңбек ететін инженер-металлург Төлеш Ермағанбетов деген кісінің мына сөзі есімде қалды:

– Алматыда, политехникалық институтта оқып жүрген кезімде, институттың акты залында үлкен жиналыс өтіп, оған ғылым академиясының сол кездегі президенті Қ. Сәтбаев қатынасып сөз сөйледі. Жиналыс аяқталар шамасында жиналысты жүргізуші «Жезқазғаннан келген студенттер залда қалсын» деген хабарлама жасады. Бірнеше жігіттер солай істедік, жұрт тарап жатқанда орнымызда қала бердік. Әлден уақытта Қаныш ағамыздың өзі залда қалған студенттердің қасына келіп, әрбірінің қолын алып амандасып, жағдайларымызды сұрады, көбіміздің әке-шешелерімізді біледі екен, олардың ахуалдарына ерекше назар аударып қойды. Елдің амандығын, жұрттың жаңалықтарынан хабардар болғаннан соң институт ректорына жүз бұра: «Мына студенттер оқудан шығып қалмасын, бұларға барынша жағдай жасалсын», – деп тапсырды. Қанекеңнің осы қамқорлығына қуанғанымыз сонша, төбеміз көкке екі елі жетпей қалды.

Төлеш ақсақалдың осы сөзі Қаныш ағаның қандай биікте тұрғанының дәлелі еді. Қарсақбайдан қайтып келе жатып жолай Бала-Жезді дейтін жерге тоқтадық.

– Әлі есімде, – деген-ді сонда Мейіз Қанышқызы, – 1941 жылғы 21 июнь күні папамның Алматыға жаңа қызметке тағайындалуына байланысты жергілікті кісілер осы жерге киіз үй тігіп, дәм берді. Бұл әкемді шығарып салу құрметі болатын. Отырыс өте мәнді өтті. Түнде үйге келіп жатып дем алдық. Өкінішке орай, ертеңіне соғыс басталды деген суық хабар құлағымызға тиді. Сөйтіп біздің Алматыға көшуіміз екі айға кешікті.

Сүтемген көкемнің артында өзі ұйымдастырып, көп жыл басқарған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ның Қ.И.Сәтбаев атындағы музейі, бірінші басқарушы әрі ұйымдастырушысы болған Жезқазған тарихи-археологиялық музейі жұмыс істеп тұр. Өкінішке орай, қаланың балалар ойыны алаңының қасына орналасқан «Космонавтар» мұражайы жабылып қалды. Көкем космонавтардың көбімен таныс болатын. Жұлдызды қалашықта бірнеше рет болған. С.П.Королев, Ю.А.Гагарин медальдарымен марапатталған. «Жезқазған қаласының құрметті азаматы», бірнеше орден, медальдардың иегері. Жезқазған қаласында Сүтемген Бүкіров атында көше бар.

Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Орталық Қазақстанның прогноз-металлогениялық картасын жасағанда Жезқазған өңірінде мол мыс қорынан тысқары, оның сарқылмас қазынасы кен жыныстарының құрамында сирек кездесетін түсті металдардың қоры бар екеніндігін ғылыми жолмен зерделеп шыққан еді. Яғни, 21 түрлі химиялық элементті, атап айтқанда, қорғасын, мырыш, алтын, күміс, молибден, сурьма, селен, теллур, рений, осмий сияқты бағалы металдарды өндірістік жолмен бөліп алу арқылы кен өндіруден түсетін қыруар байлықты еселей түсуге болады. Осы аталғандардың ішінде, ғалым-геологтардың деректері бойынша, әлемдегі жер қойнауындағы ренийдің 30%, ал осмий-187 изотопының 99% Жезқазған мыс кендерінің құрамында шоғырланған екен. Ендеше, басқасын былай қойғанда осы екі металдың қоры бойынша әлемдегі монополист – Жезқазған.

Еліміздің сан-салалы өндіріс орындарына қажетті осы сирек металдардың химиялық таралу заңдылықтарын зерттеу, кен құрамындағы рений және осмий сияқты құпиясы мол металдардың үлесін анықтап, оларды өндіруді жолға қою бағытында көптеген ғылыми мекемелер мен институттарда ғылыми ізденістер мен зерттеу шаралары үздіксіз жүргізіліп отырды. Жезқазған кен қорында рений, осмий сияқты бағалы металдардың бар екендігін зерттеп, алғаш анықтаған Қ.И.Сәтбаевтың серіктестері, көзі қарақты ғалымдар С.К. Калинин, Т.А.Кошкина, Э.Е. Файн кендегі негізгі минералдардың көлемі ұлғайған сайын ренийдің мөлшерінің де өсіп отыратындығын ғылыми негізде дәлелдеді. Кейіннен осы мәселені зерттеу ісіне ғалымдар Е.К.Аркаев, К.Д.Жаминов, Л.Ф.Наркелюк, Е.М.Поплавка, М.Қ.Сәтбаевалар да ден қойды.

Ал, енді осмий жайында сөз қозғасақ, мыс кені құрамында кездесетін бұл сирек металдың ерекшеліктерін алғаш зерттеген ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, геология және минерология ғылымдарының докторы С.К.Калинин мен химия ғылымдарының докторы Э.Е.Файын болатын.

Осмий Жезқазған мыс кені жыныстарының құрамында рений изотоптарының бір түрі ретінде кездеседі. Ренийдің екі изотоптан, рений-185 және рений-187 изотоптарынан тұратыны, олардың табиғи ренийдің құрамында тиісінше 37,07 және 62,93 пайыз болатындығын, рений-187 изотопы 75- атомнан кейін ыдырап, 76 -атомында осмий-187 изотопы құрылатындығын дәлелдеген ғалымдар, оны өндіріске енгізу технологиясын игеру қажеттілігіне назар аудартқан. Бірде Жезқазғанға іссапармен келген С.К.Калинин осы зерттеулер жайлы айта келіп, «Жезқазған мыс кенінің құрамындағы сирек металдар мұндай мөлшерде басқа жерлерде кездесе бермейді. Бұл табиғаттың сендерге беріп отырған сыйы» деген еді.

1973-1975 жылдары Жезқазған мыс зауытында тәжірибелік қондырғылар орнатылып, шайылған күкірт қышқылынан аммоний перренатын (рений тұзы) өндіру қолға алынды. Ал, 1976 жылы сирек металдар цехы іске қосылды.

Мен 40 жылдан аса Жезқазған мыс зауытында металлург болып қызмет атқардым. Соның ішінде 1991-2001 жылдар аралығында сирекметал өндірісіне басшылық жасадым. Осы кезеңдері сирекметал цехы ғылыми-тәжрибелік алаңға айналды деуге толығымен болады. Кәсіпорында өндіріс қалдықтарынан сирек металл өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру жолында ғылыми-зерттеу ісшаралары одан әрі жалғасып, тоқтаусыз жүруіне Қазақстан ҒА-ның академигі Е.И.Пономарева, т.ғ.д З.С.Әбишева, х.ғ.д Загородняя, т.ғ.к Л.Я. Агапова, геология институтынан т.ғ.д. Э.Е.Файн, т.ғ.к. М.И. Мадин, Қарағанды химия-металлургия институтынан т.ғ.д. Т.А. Оралов, т.ғ.к. Б.П. Хасен, т.ғ.д С.М.Исабаев т.б. көп ғалымдар еңбек сіңірді, жетекшілік жасады. Сирек металдарды өндіру көлемін арттыру, сапасын жақсарту туралы үлкен бағдарлама жасалып, бекітілді. Тоқтаусыз жүргізілген жұмыстарымыз өзінің нәтижесін берді, атап айтар болсам:

1) 1991 жылы қазан айында электородиализ қондырғысы орнатылып, өндіріс қалдығынан рений қышқылы бірінші рет алынды;

2) 1992 жылы Қорғасын шаңынан қорғасын суригі алынды;

3) Бірінші рет Жезқазғанда 1995 жылдың 15 мамырында таза осмий-187 металы алынды;

4) 1998 жылы желтоқсанда бірінші рет ренийдің таза металы алынды;

5) 1999 жылы өндіріс қалдығынан (свинцовый кек) үш негізді қорғасын сульфаты алынды және осы қалдықтың құрамындағы рений мен осмийді қосымша алуға қол жеткізді;

6) 2000 жылы мамыр-маусым айларында шайылған күкірт қышқылынан ренийді өндіру (извлечение) көлемін жоспардағы 45%-дан 67%-ға жеткіздік, сол кездегі бұл үлкен өндірістік көрсеткіш болатын.

Республикамыздың ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары және сирекметал өндірісінің қызыметкерлерінің бірлесіп атқарған ғылыми жұмыстарының нәтижесі бойынша 22 жұмысқа Қазақстан Республикасының авторлық куәлігі беріліп, патенттелді. 70-тен аса ғылыми мақалалар мен баяндамалар отандық және шетелдік басылымдарда жарияланды, өндірістен қол үзбей жүріп төрт сирекметал қызметкері техника ғылымдарының кандидаттығын қорғады: Перфильев Н.А. (1992ж.), Бүкіров Т.Н.(1998ж.), Абдрахманова З.Т.(1998ж), Абайдильдинов М.С. (2001ж.).

Тәуелсіз Қазақ еліне ғана емес бүгінгі күні сапалы рений өнімдері мен осмий металын шығару арқалы сирекметал кәсіпорыны әлемге танымал болды.

Ғылым мен техника дамыған заманда Егеменді елімізде өндірілетін негізгі металдармен бірге кен жыныстарының құрамында кездесетін сирек металдарды толығымен өндіру және оны өңдеу заман талабы.

Ғұлама ғалым Қ.И. Сәтбаев жер қойнауынан өндірілетін кендерді кешенді түрде өңдеп, оның құрамындағы негізгі металдардан басқа да элементтерді концентрат, қышқылдар, түрлі қоспалар, металдар түрінде толығымен өндіріп халық игілігіне жарату керектігін жазып, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде тапсырған. Ғалым аманатын орындау – бүгінгі ұрпақ міндеті.

Сәтбаев қаласының 45 жылдығы аясында 4 қыркүйекте қаланың №27 лицейінің акты залында «Қ.И.Сәтбаев: Тұлға. Патриот. Ғалым» тақырыбында халықаралық симпозиум өтті. Симпозиумға Қазақстаннан, Ресейден арнайы келген ғалымдар баяндама жасады. Баяндама жасаған ғалымдар мен жарыссөзге қатынасқандар Қазақтың Ұлы тұлғасы Қ.Сәтбаевтің еңбектеріне лайықты бағасын берді. Симпозиумға мен де қатынасып сөз сөйледім. Қаныш Сәтбаевпен әлемнің бар қазағы мақтанады. Совет заманында Қ.Сәтбаевтің еңбегі әртүрлі себептермен өзінің лайықты бағасын алмағанын білеміз. Ұлт мақтанышына айналған тұлғаға Егеменді Қазақ елінің жоғары марапаты «Халық қаһарманы» атағын беру туралы ұсыныс жасадым.

Уақыт бір орында тұрмайды. Жүйрік уақыт өткен сайын «Қаныш Сәтбаев» шыңы биіктеп, «Қаныш Сәтбаев» жұлдызы жарқырай бермек.

**Төлеген БҮКІРОВ,**
**ардагер металлург,**
**техника ғылымдарының кандидаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы**

МЫСТЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ

# ҚАНАТЫМЫЗДЫ ҚАТАЙТҚАН ҚАЛА

Ақын Нұрәсила Бәрменбаева анамыздың:

Жезді бойы жез қалам,
Жер түбінен жезді алам,
Алтын қалам, кең далам,
Сенен ұшқан айға адам
Жезқазғаннан айналам!»,

– деген өлеңін бала күнімізден әнші-композитор Жақсыкелді Сейіловтың орындауында құлағымызға сіңісті болып өскендіктен бе, Жезқазғанды бір көру бала кезгі арманым болатын... Алла жазып, 1973 жылы облыстық әншілер байқауына Жаңаарқа ауданының атынан ауылдың «Қарашаш» ансамблі өнер көрсету бақытына ие болып, армандаған Жезқазғанды да көрдім-ау. Ансамбль жігіттері тоқыма фабрикасының жатақханасына орналасып, таңғы асымызды «Бригантина» мейрамханасынан іштік. Сол жерде отырғандардан кешкі сағат 18:00-ден кейін ресторанда «Қаракөз» ансамблі өнер көрсететінін естіп, кешке келіп әндерін тыңдадық.

Сонымен, екі күн бойы құрылысшылар Мәдениет сарайында әйгілі Жақсыкелді Сейіловтің төрағалығымен өткен өнер сайысынан жүлделі екінші орын алғанымызда, бізден бақытты жан болмаған шығар...

1974 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтының кешкі бөліміне оқуға түсіп, 3-курста әскери борышымды өтеп келгеннен соң ауылда Мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқардым, еңбек майданына араласып кетіп оқуымды сырттай жалғастырдым.

Жылжып жылдар өтіп жатты, еңбегім жанып XXV партсъезд атындағы кеңшардың құрылыс шебері, аға прорабынан, Жаңаарқа аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі дәрежесіне көтерілдім.

1992 жылы наурыз айында Жезқазған облысының сол кездегі әкімі Г.П.Юрченконың Жарлығымен Жезқазған облыстық Тайжан Қалмағамбетов атындағы мемлекеттік филармониясына директор болып тағайындалдым.

Осылайша тағдыр мені өнерлі өлке Жезқазған, кенді Қарсақбай мен шежірелі, қарт Ұлытаумен табыстырды. Кешегі Қожабай, Тайжан, Болман, Иманжан тәрізді сал-серілердің соңғы тұяқтарының ізі қалған киелі мекенге келіп ірге тептім. Жұмысқа кірісken күннің ертеңіне құтты болсын айтып ел ақсақалы, шежіреші қарт, өлкетанушы Сүтемген Бүкіров ағай келіп қолында Тайжан ақынның бұрын жарық көрмеген өлеңдері бар екендігін және болашақта өлеңдерінің жинағын шығару ойында жүргенін айтып, ағалық ақ батасын беріп кетті. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, ел сыйлаған ақсақалдың ақ батасымен басталған еңбек жолымды жақсылыққа баладым.

Өмір барысында Апбаз Қаражігітов, Қойшыбай ақсақал, Сарқыт Жанғонұлы, Жәлел Қалмағамбетов, Аққойшы Түсіпбеков, Қалкен Мәкенбаев, Сағындық Қожамсейітов, Абай Тайырұлы, Балтабай Малдыбаев, Асқар аға, Мәуен Хамзин, Қайырбек Сәдуақасов, Ғұбайдолла Жакенов, Сайын Омаров секілді ағалардың ақылын тыңдап, мол шапағатын көрдім. Ел басқарған ағаларымыз: Жылқыбай Аралбайұлы, Шәріпбек Шардарбеков, Қамзе Жұмабеков, Қасымбек Медиев, Сырым Өмірбекұлы. Григорий Петрович Юрченко, Станислав Валентинович, Қажымұрат Нағыманов, Мұхамбет Көпеев, Ерлан Смайылов, Жұмағали Жөкейұлы, Жұмамәді Ибаділдин сияқты азаматтармен дәмдес, сыйлас болдым.

«Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп», – дегендей, орда бұзар 30 жасымда алғаш Сәтбаев, «4 км», Жезді, Қарсақбай, Ұлытауды аралап Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл, Ерден-Дүзен, Едіге мен Тоқтамыс басында болып, құран бағыштап ел ақсақалдарымен таныстым.

Қарсақбайда Қадыр Мәткенов ағаның ерекше күтіп алғаны есімде, ол кісі атақты Ақан серінің ұрпағы, өзі де өнерден құр алақан емес, Ақан сері әндерінің білгірі болып шықты. Оның үстіне атақты Балуан Шолақпен құда, туған қарындасын Шолақтың кенже ұлы Құдайберген алған екен. Бұл үйде кейін Кәкімбек ағамен сан мәрте қонақ болдық, жеңгеміз керемет қонақжай адам болатын.

Ұлытауға бара қалсам Серік аға Тілеубаев пен Тамара жеңгем бір қондырмай жібермейтін. Керемет іскер әрі ұйымдастырушы, досым Рақыш Нәшкенқызының азаматқа бергісіз орыны бөлек.

Өнер жолында еңбек еткеннен кейін үлгі тұтар ағаларым Сағат Қошанов, Мөрлібек Мұратбаев, Бақберген Дәркембаев, Шынболат Ділдебаев, Есқожа Сартов, Жанат Хаджиев, Бәкір Қазығұлов, Арғын Қуанышевтармен қызметтес ал, композитор Жақсыкелді Сейіловпен көрші болдым. Бәрі



күні кешегідей ғана... Бұл азаматтардың тірілеріне ұзақ ғұмыр нәсіп етсін! Ал о дүниелік болғандарының Алла алдарынан жарылқап, топырақтары торқа болғай! Қазыналы Жезқазған жерінен Әлихан Байменов, Ерлан Қошанов, Қанат Балмағамбетов, Болат Дүйсенбаев, Байқоңыр Ижанов, Мұқаш Сейтқазинов, Ғазиз Ештанаев, Жарқынбек Бөлендин, Қуандық Стамбакиев, Тыныс Сүлейменов, Шәкір Нағыманов, Әнуар Омаров, Қошқархан Ақубаев, Мақсұт Шәкенов секілді адал достар таптым. Біразы бүгіндері Астанада тұрады, әлі күнге араласып тұрамыз.

Жезқазған филармониясындағы әріптестеріме мың алғыс! Бұл берекелі ұжым мен үшін үлкен өмір және өнер мектебі болды. Осы еңбек ұжымында бағым жанып, «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» мемлекеттік жоғары атағына ие болдым. Басыма – бас, жасыма – жас қосылды. Дүниеге Саламат деген ұлым келді. Ғалым деген ұлым үйленіп, Ұлытаумен құда болдық.

Алдымда өнеге боларлық ағаларым болды, Жақсыкелді Сейілов пен Болат Есмұқановтың өзара сыйластығы, Береке Көшеновтың көшелі сөзі мен сырбаздығы, Ғалым Мұхамединнің ағалық ақ пейілі, Әлия жеңгемнің мол қолдығы, Ахат пен Роза Байбосыновтардың таусылмайтын әзілдері, Нұрия бишінің нұрлы шақтары, өзіміздің София Ротаруымыз дейтін Зәуреш әнші мен аққөңіл Қайрат Омаров. Филармонияға арнайы жолдамамен келген талантты әнші Қайрат Әбеуов, өзімнің шәкіртім Дәрігүл Алдажанованың мен үшін орындары бөлек. Бас администраторлар: Зоя Дмитриевна, Жұмаш пен Сүйініш, костюмерлер: Айтжамал мен Алтын, жүргізушілер: Қапаш пен Әли. Бас есепшілер: Надежда Николаевна мен Секер апай, Зина қарындасымыз. Көркемдік жетекшілер: Болат Қазығұлов, Қуандық Стамбакиев, Сағат Қошанов. Филармонияның алғашқы директоры болған Бектұрсын аға Шортанбаевтан бастап, Бақберген Дәркембаев, Мөрлібек Мұратбаев, Серік Оспанов, Әнуар Омаров пен бүгінгі директор Рахмет Сексембаевтарға дейін осы мекеменің өсіп-өркендеуіне қосқан өзіндік қолтаңбалары бар тұлғалар.

Жезқазған филармониясы сан-дағаң өнерпаздарға жол ашқан өнер мектебі болды оның айғағы, бүгінде әрісі Алматы берісі Астанада ұстаздық етіп, өнерімен елге танылған тұлғалар, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері: Сембек Жұмағалиев, Бағдат Самединова болса, жезқазғандық тумалар Жақсыкелді Сейілов, Береке Көшенов, Ғалым Мұхамедин, Серік Оспан осы филармонияның түлектері. Бір филармониядан соңғы 15 жыл аралығында алты бірдей Қазақстанның еңбек сіңірген артисінің шығуы Қазақстан тарихында болмаған жағдай. Сондықтан да, Жезқазған өсемін деген өнерпаздардың қанатын қатайтып, томағасын сыпыратын алтын ұясы десе болғандай. Осы өнер ұжымын 10 жыл басқарған жылдарымды менің өмірімнің ең бақытты сәттеріне балаймын. Алдын көріп ақ батасын алған ағаларым мен өмір мен өнер жолында табысқан достарым мен әріптестерімді қасиетті Жезқазған қаласының 65 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бастарыңнан бақ-тарың, астарыңнан тақтарың таймасын! Өнердің өрінде, жақсылықтың төрінде жолығайық демекпін!

**Серік ОСПАН,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген артисі,**
**Мәдениет саласының үздігі.**
*Астана қаласы.*

**Жезқазғанның 65 жылдық мерейтойы қарсаңында оның шығармашылық тарихын қаузамау мүмкін емес. Мысты қаланың әнұранына айналған «Жезқазған маршы» әні туралы көбіміз біле бермейміз.**

# «ЖЕЗҚАЗҒАН МАРШЫ» ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?



Бұл ән жайлы сөз қозғалса, бірден оның авторлары сазгер Жақсыкелді Сейілов пен ақын Нұрәсила Бәрменбаеваның есімі ойға келеді. Ерекше дарын иелері Арқа жеріне, жезқалаға деген сүйіспеншілікті бір өлеңге сыйдыра алғандары кімді болсын таң қалдырмай қоймайды. Тағдырлас азаматтардың үндестігі дәл осы туындыда тоғысқандай. Өр рухты, терең тебіреністі «Жезқазған маршы» әлі талай ұрпақ шырқайтын мысты өлкенің Әнұранына айналуы заңдылық болар.

«...Жезді бойы жез қалам,
Жер түбінен жезді алам.
Алтын қалам, кең далам,
Сенен ұшқан айға адам.
Жезқазғаннан айналам!». Әр сөзі саф алтынға тең келетін бұл туынды мысты шаһардың 50 жылдық мерейтойында алғаш рет қала маршы ретінде шырқалды. Сол кезде қалалық мәдениет бөлімін басқарған Зинаида Чумакова бұл жөнінде:

– Алтын тойды өткізу өте үлкен жауапкершілікті талап етті. Түрлі мазмұндағы шаралар ұйымдастырылды. Ең қиын болғаны қала Әнұранына лайық ән табу еді. Біз арнайы конкурс та өткіздік, жеке авторлардың шығармашылығын қарадық. Бірақ, көпшілікке ұнайтын, темп пен ырғағы үндесетін, өлең сөздері мәнді де мағыналы шығарманы таба алмай біраз қиналдық. Сонда жергілікті музыканттар, ақындар мен сазгерлерден құралған шығармашылық топпен Жақсыкелді Сейіловтің шығармашылығын қарап, таңдауымыз «Жезқазған маршы» әніне түсті.

Осылайша жаңаша өңделген бұл ән алғаш рет Жезқазғанның гимні ретінде қаланың 50 жылдық мерейтойында шырқалды. Жезқазғандықтар да бұл туындыны ерекше ықыласпен, зор құрметпен қабылдады. Әрине, бұл әнді Жақсыкелді Сейіловтей баянның сүйемелдеуімен ешкім орындай алмасы анық. Дегенмен, әлі күнге дейін марш шырқалған сайын оның құдіреттілігі сезіледі. Оның қазіргі орындаушысы қаламыздың Құрметті азаматы Береке Көшенов те заманауи сарында өңделген «Жезқазған маршын» нақышына келтіріп орындады және орындап келеді бұл күнде.

Қаламен бірге туып, бірге жасап келе жатқан туынды ғана оның әнұраны деген атқа лайық болмақ. Ал, ондай әнді шаһар тарихымен етене таныс, оның әр уыс топырағын қымбат көретін жан ғана дүниеге әкеледі. Мысты қаламыз қанша жасаса жүректен шыққан, әрбір жезқазғандықтың жүрек түпкірінен орын тапқан «Жезқазған маршы» да сонша жасамақ.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Құрметті Роза Рахатқызы ҚОШАНОВА!



*Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Ұжымда Сізді көңіліңіздің адалдығымен, қарапайым мінезіңізбен бірге жоғары іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілетіңіз, еңбектегі білгірлігіңіз үшін үлгі тұтып, сыйлайтынымызды білдіргіміз келеді.*

*Сіздің қуанышыңызға ортақтаса отырып, өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.*

*Ізгі тілекпен:* **«Жезқазған қаласы балалар үйі» КММ ұжымы.**

## БОРЫШ

**Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет пен әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы негізінде 17 жасқа толған жастар әскерге шақыру учаскесіне тіркеледі. Жақында Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы №8 гимназияның оқушыларын салтанатты түрде әскери тіркеуге алып, оларға тіркеу куәлігін тапсырды.**

# ЕР – ЕЛ ҚОРҒАНЫ




Отанға, туған жер мен елге деген сүйіспеншілікті арттырып, патриоттық сезімін қалыптастыру және Қазақстанның Қарулы Күштерінде қызмет ету әр азаматтың қасиетті борышы екенін ұғындыруды мақсат еткен жиында барлығы 16 бозбала әскерге тіркелгені жөніндегі куәлікке ие болды. Алғашқы болып сөз алған Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы жинақтау бөлімінің бастығы аға лейтенант Арман Оспанов:

– Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызды өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Әрбір ер азамат әскерге баруды абыройлы міндет ретінде сезіне отырып, ел алдында берген антты орындайтын үлкен асу баспалдағы тұрғанын естен шығармауы тиіс, – деді де жігіттікті шыңдайтын әскери қызметті өтеуден қашқақтамау қажеттігін айтты. Одан кейін №8 гимназияның алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Қанат Дастанов болашақ сарбаздармен бірге саптық жаттығулардан көрініс ұсынды. Әнұранды шырқап болған соң, ертең сарбаздар сапынан табылатын бүгінгі оқушылар: «Мен өз Отанымның, Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мүдделерінің ержүрек әрі батыл қорғаушысы болуға, оқуда озат, гимназия атына кір келтірмеуге ант етемін», – деп салтанатты жағдайда уәде етті.

Қазақстанның болашақ қорғаушысы екенін сезініп, қолдарына әскерге тіркелу куәлігін алған оқушыларды гимназия директорының міндетін атқарушы Күлзира Қыдырпатшаева құттықтады. Ол өз сөзінде гимназия ұжымы ел болашағы саналатын жас өрендерді сапалы біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, олардың бойында патриоттық пен елжандылық сынды азаматқа тән асыл қасиеттерді тәрбиелеуге баса назар аударатындарын тілге тиек етті.

Шара соңында әскерге шақырушылардың қатарынан табылған жастармен тілдесіп, олардың Отанды қорғап, әскерде қызмет етуге ниеті бар-жоғын білдік. Қуантарлығы олар бір ауыздан «иә» деп жауап берді. Тіпті, бірі:

– Мен болашағымды Отанға қызмет етумен байланыстырамын. Міндетті түрде әскерге қабылданып, кейін ел шекарасын күзету мен қорғауға үлесімді қосамын, – дегенде, ел қауіпсіздігін сақтауды міндетінен сүйікті ісіне айналдырар ұл-қыздардың өсіп келе жатқанына куә болыстық.

**Бота ШАЛҚАР**







## БАСПАСӨЗ – 2019

***Құрметті оқырман!***
***Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылға жазылу науқаны жыл бойы жалғасатынын хабарлаймыз!***

**ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:**

***Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;***

***Мекенжайға жеткізіп беру – 3700 теңге.***

**КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН:**

***Редакциядан келіп алу – 5500 теңге;***

***Мекенжайға жеткізіп беру – 6400 теңге.***

***Газетке жазылу ақысы редакцияның есепшотына аударылуы керектігін естеріңізге саламыз! Қосымша мәліметтерді келесі телефон нөмірлеріне 8(7102)710055, 775025 хабарласу арқылы біле аласыздар.***

***Біздің мекенжай: Жезқазған қаласы, І.Есенберлин к-сі, 63/3 («Матадор» мейрамханасының жаны).***


## СПОРТ



**Кеңгір су қоймасында Жастар жылы мен қаламыздың 65 жылдық мерейтойына орай қалалық «Шаңғы – 2019» жарысы өтті.**

# ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАР

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әр Жолдауында қалалар мен өңірлерде спорт кешендерін салу, халықтың спортпен шұғылдануын 30%-ға жеткізу, бұқаралық спорт түрлерін дамыту сынды мәселелерді айқындап береді.

Жарыс бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері мен ұстаздары, қала әкімінің аппараты мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, Малшыбай, Кеңгір, Талап ауылдарының әкім аппараты, бюджеттік және жеке меншік мекеме қызметкерлері, банктер, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының филиалы, денсаулық сақтау саласының, судан құтқару, төтенше жағдайлар басқармасының және спорт мектептерінің қызметкерлері өзара сынға түсті. Олар шаңғы тебуден бөлек, шанамен сырғанап, қаппен секіріп, садақ атып, арқан тартысты. Сондай-ақ, қардан мүсін жасап, өнерлерін көрсетті.



Жарысты қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтау сөзімен ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

1300-ден аса адам қатысқан қысқы ойындардың қорытындысы бойынша шаңғы жарысынан қыздар арасында І орынды Сабина Прутцанова, ІІ орынды Диана Кенжеғұлова, ІІІ орынды Вика Денисова иеленді. Ұлдар арасында Валерий Кульковец жеңімпаз атанса, Артём Кирсанов ІІ орынға, ал Алдияр Серікбаев ІІІ орынға ие болды. Студент қыздар арасында Дарья Недосекова бірінші болып мәре сызығына жетті. Наташа Носова ІІ орынға, Лилия Артёмова ІІІ орынға лайық деп танылды. Ұлдар арасында Александр Ромашов жеңіс тұғырынан көрінді. ІІ орынды Дмитрий Левченко иеленсе, Асылжан Омарбеков ІІІ орынға тұрақтады.

30 жасқа дейінгі ерлер арасында І орынды Александр Гудилов, ІІ орынды Роман Суханов, ІІІ орынды Серікжан Омарбеков жеңіп алды. 30-40 жас аралығындағы ерлерден шаңғы тебуден Нұрбек Рақымжанов жеңімпаз атанды. Беккали Беркінбаев жүлделі ІІ орынға, ал Думан Нұрмағанбетов ІІІ орынға ие болды. Әйелдер арасында І орынды Анна Темникова, ІІ орынды Әсем Құрманбаева иеленді.

Қаппен секіруден №10 орта мектептің оқушылары жоғары көрсеткіш көрсетті. ІІ орынды №4 мектеп және жүлделі ІІІ орынды №11 орта мектеп оқушылары жеңіп алды.

Қолдарына күрек пен қалақ, түрлі-түсті бояуларды ұстай келген командалар қардан түрлі мүсін жасап жарысты. Бір топ жануарлардың мүсінін айнытпай жасаса, бірі Ұлытау, Бәйтерек монументтерін қайталауға тырысты. Ұшқыр қиял мен көтеріңкі көңіл күйді қажет ететін бұл жарыс түрі – уақытты көңілді өткізудің бірден бір жолы. Жарыстың қорытындысы бойынша студенттер арасында І орынды медициналық колледж, ІІ орынды политехникалық колледж иеленді. Мекемелер арасында Халық Банк командасы жеңімпаз атанды.

Шанамен сырғанаудан ақ халаттарын спорт киіміне ауыстырған медицина саласының қызметкерлері үздік атанды. ІІ орын №7 мектеп-лицей еншісінде болса, қала әкімдігінің әлеуметтік сала бөлімі ІІІ орынға тұрақтады.

Арқан тартудан әйелдер арасында «Халық Банк» командасы жеңімпаз атанды. ЖИТС-ке қарсы күрес орталығының нәзік жандылары ІІ орынды иеленсе, ІІІ орын №21 орта мектеп командасына бұйырды. Ерлер арасында арқан тартудан І орынды әкім аппараты, ІІ орынды қалалық білім бөлімі, ІІІ орынды мемлекеттік мекемелердің жастар командасы иеленді.

Жарыс соңында жеңімпаздарға кубок, диплом және естелік сыйлықтар табысталды.

**Өз тілшіміз**

# АСАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРІ

## *мықтыларды анықтайды*

**«Ұлытау» спорт кешенінде 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында бокстан республикалық турнирдің ашылуы өтті.**



Былғары қолғап шеберлерінің додасы республикалық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы, Азия ойындарының қола жүлдегері, әскерилер арасындағы әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері Алмас Асановты еске алуға арналды.

Шараның ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Алмас Асановтың туған-туыстары, бапкері және достары қатысты. Әнұран шырқалғаннан кейін жиналғандарды Зина Жұманазарқызы құттықтап, жас спортшыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Алмас Ыбрахымұлының анасына қала басшысының атынан Алғыс хат табыстады.

Спорт ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Мұхамедрахым Әлиақбаров, Алмас Асановтың ағасы Әбжаппар Әбрезов сөз алып, сынға түскелі келген қыз бен ұлдарға тек жеңіс тіледі. Алмастың өмірдегі досы, шаршы алаңдағы қарсыласы Тәңірберген досы жайлы естеліктермен бөлісті. Сонымен қатар, Алмастың анасына құрмет көрсетіп, халқымыздың дәстүрі бойынша иығына қамзол жапты.

Тартысты додаға барлығы 11 командадан 150-ден астам спортшы қатысады. Республиканың түпкір-түпкірінен жиналған былғары қолғап шеберлері төрт күн сынға түсетін болады.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# «САРҚЫТ» АКЦИЯСЫ ИНТЕРНАТ ШӘКІРТТЕРІН ҚУАНТТЫ

**Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен республика көлемінде «Ұлы дала» дәстүрлері негізінде» атты акциясы бастау алды. Қайырымдылық акциясы аясында жас кәсіпкер «Ulytau Group LTD» ЖШС атқарушы директоры Бақытжан Маханов №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернатында болып қайтты.**



Қазақ халқы ежелден «жетім», «жесір» деген сөздерді айтқызбай, көмекке мұқтаждарға қамқор болып келеді. Қазір көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қолұшын созғысы келетін жомарт жандардың саны артуда. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру – Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының бір бағыты.

Осыған орай, Ассамблея қазақ даласының дәстүрлері негізінде 2019 жылдың он екі айында «Сарқыт», «Сыбаға», «Шашу», «Асар», «Қамқор», «Тоқымқағар», «Ерулік беру», «Жылу», «Көрімдік», «Бата», «Бес жақсы», «Кәде» атауларымен қайырымдылық шараларын ұйымдастыруды жоспарлаған.

№9 мектеп базасындағы интернатта 5-15 жас аралығындағы жалпы саны 36 бала тәрбиеленеді. Бұнда қаладан шалғай орналасқан ауылдардың балалары, жағдайы төмен отбасы балалары оқиды. Қаламызда жақында ғана ашылған «№83 офис» кеңсе тауарлары дүкенінің иесі Бақытжан Маханов «Сарқыт» дәстүрі бойынша интернатта тәрбиеленіп жатқан 20 балаға оқуға арналған құрал-жабдықтардан базарлық ала келіпті. Сый-сияпатты табыстаған кәсіпкер балалардан «жақсы оқып, үлгілі оқушы боламыз» деген уәделерін алды. Сондай-ақ, кәсіпкер интернаттағы іні-қарындастарына білім атты теңізде сәттілік тілеп, ақжарма тілегін жеткізді.

«Не істесең де балаға істе, айтып жүреді» деген тәмсіл бар халқымызда. Интернат тәрбиеленушілері қамқор ағаларының қолынан алған сыйлықтарға қуанып, мәзмейрам болысты. Ата-анасынан жырақта жүрген балалардың жәудіреген жанарлары бір сәтке болсын жадырады. Мектеп басшылығы мен интернат тәрбиеленушілері қамқор жандарға ризашылықтарын білдірді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**